По словам предпринимателя, технологии виртуальных туров сегодня востребованы не только бизнесом. Все чаще ими интересуются государственные учреждения, образовательные организации, объекты культуры и туристической инфраструктуры.

- Виртуальный тур работает круглосуточно. Человек может познакомиться с объектом из любого города или даже другой страны. Особенно это важно для туристов, родителей будущих учеников, потенциальных клиентов гостиниц, ресторанов или медицинских центров. Люди заранее понимают, что их ожидает, — отмечает предприниматель.


Сегодня ИП «3dtaraz» сотрудничает с государственными учреждениями и коммерческими организациями, создавая интерактивные проекты для гостиниц, ресторанов, торговых центров, объектов здравоохранения, образования, культуры, спорта и отдыха. По мнению Алексея Липко, интерес к подобным технологиям будет только расти, поскольку цифровая визуализация постепенно становится привычной частью современной коммуникации между организациями и их посетителями.

P.S. Если кто-нибудь заинтересовался данной темой, контакты А.Липко имеются в редакции, а также на сайте 3dtaraz.kz

Руслан ИСКАКОВ.

СЛУШАЕТ ЛИ НАС ТЕЛЕФОН?

Мифы и реальность



Предлагать читателям познавательные и актуальные темы всегда особенно интересно. Ведь даже привычные устройства, которыми мы пользуемся каждый день, нередко становятся источником множества вопросов. Один из самых распространенных звучит так: «Слушает ли нас телефон?»

В последние годы эта тема активно обсуждается в социальных сетях и на интернет-форумах. Многие уверены, что смартфон постоянно прослушивает разговоры пользователей, а затем показывает рекламу на соответствующие темы. Но насколько это соответствует действительности?

Наверняка многие сталкивались с похожей ситуацией. Вы обсуждаете с друзьями новую пару обуви, смартфон или бытовую технику, а спустя некоторое время именно эти товары появляются в рекламной ленте социальных сетей или поисковых сервисов. После такого совпадения невольно возникает мысль: «Неужели телефон действительно меня слушает?»

Однако специалисты по цифровым технологиям отмечают, что подобное объяснение далеко не всегда соответствует реальности.

Современные смартфоны действительно оснащены микрофоном, камерой и множеством датчиков. Некоторые приложения получают доступ к микрофону для отправки голосовых сообщений, видеозвонков или работы голосовых помощников.

Но постоянная запись разговоров миллиардов пользователей потребовала бы колоссальных вычислительных мощностей, огромных объемов хранения данных и серьезно нарушала бы законодательство большинства стран о защите персональной информации.

Гораздо вероятнее другое объяснение.

Сегодня рекламные платформы используют искусственный интеллект и сложные алгоритмы, которые анализируют цифровой след пользователя: посещенные сайты, поисковые запросы, просмотренные товары, видеоролики, лайки и другие действия в интернете. На основании этих данных система формирует предполагаемые интересы человека и подбирает наиболее подходящую рекламу.

Например, если несколько дней назад вы искали кроссовки в интернет-магазинах, алгоритмы уже могли определить ваш интерес к этой категории товаров. Поэтому после разговора об обуви появившаяся реклама кажется подтверждением «прослушки», хотя она стала результатом ваших предыдущих действий в сети.

Психологи объясняют этот эффект особенностями работы внимания.

Ежедневно человек видит сотни рекламных объявлений, не придавая им значения. Но как только реклама совпадает с темой недавнего разговора или личными мыслями, мозг выделяет ее среди множества других сообщений и запоминает.

Такое явление называется избирательным вниманием: мы замечаем именно ту информацию, которая кажется нам особенно значимой.

Несмотря на отсутствие убедительных доказательств массового прослушивания разговоров, вопросы цифровой безопасности остаются актуальными.

Некоторые приложения действительно могут собирать больше информации, чем необходимо для их работы. Поэтому специалисты рекомендуют соблюдать простые правила цифровой гигиены:

внимательно проверять разрешения, которые запрашивают приложения; не предоставлять доступ к микрофону или камере без необходимости; регулярно просматривать настройки конфиденциальности смартфона; устанавливать программы только из официальных магазинов приложений; своевременно обновлять операционную систему и программное обеспечение.

Большинство современных смартфонов также позволяют увидеть, какое приложение недавно использовало микрофон или камеру, что помогает пользователю контролировать свои данные.

Технически смартфон способен принимать звук — для этого и существует встроенный микрофон. Однако на сегодняшний день нет достоверных доказательств того, что устройства постоянно прослушивают все разговоры пользователей и используют их содержание для показа рекламы.

В большинстве случаев персонализированная реклама является результатом работы алгоритмов искусственного интеллекта, анализа поведения пользователя в интернете и особенностей человеческого восприятия.

По мере развития цифровых технологий подобных вопросов будет становиться все больше. Поэтому важно не только пользоваться современными устройствами, но и критически оценивать информацию, проверять факты и соблюдать правила цифровой безопасности.

И тогда технологии будут не источником тревоги, а удобным инструментом в повседневной жизни.

Балнур ЖЕКСЕНБЕККЫЗЫ.

ВНИМАНИЮ ЖИТЕЛЕЙ!

ТОО "SHENGTAI BIOTECH CO.,Ltd", в соответствии с требованиями статьи 96 Экологического кодекса РК, сообщает, что в 11 час 00 мин. 12 августа 2026 года по адресу Жамбылская область, Шуский район, Алгинский с.о., а. Сауытбек, ул. Кыдырбай 5 (здание Дома культуры) состоятся общественные слушания в форме открытого собрания по проектам «Проектные материалы для получения Комплексного экологического разрешения для Завода по глубокой переработки кукурузы».

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на сайте Национального банка данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов https://ndbecology.gov.kz, а также сайте МИО https://www.gov.kz/memleket/entities/zhambyl-tabigat/activities/8220?lang=ru.

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на сайт https://ndbecology.gov.kz, а также s.agabek@zhambyl.gov.kz.

В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме. Активная ссылка проводимых общественных слушаний подключиться к встрече в Qosyl:

Время встречи: 12.08.2026 11:00. **Идентификатор встречи:** 956-581-550-356. https://meet.qosyl.kz/meeting?room=956581550356.

Дополнительную информацию можно получить по адресу: ecoproject.company@bk.ru и **по телефонам:** + 7 (702) 557 40 58.

Оператор намечаемой деятельности: ТОО "SHENGTAI BIOTECHCO., Ltd" **БИН:** 250340004589, 081126, Жамбылская область, Шуский район, Тасоткельский с. о., с. Тасоткель, зона Жібек Жолы, зд. 10, +7(775)-196-04-30, stsw@shengtai.kz.

Разработчик проекта: ТОО «Eco Project Company», **БИН:** 200540023731, г. Актобе, ул. Тургенева 3В, **тел.:** + 7 (702) 557 40 58.

Территория воздействия: Жамбылская область, Шуский район, Алгинский с.о., а.Сауытбек.

Географические координаты участка: Завод по глубокой переработки кукурузы 43°33'32.88"с.ш 73°38'58.92"в.д.

Географические координаты территории воздействия: а. Сауытбек 43°35'57,25" с.ш. 73°39'52,62" в. д.

Управление архивов и документации акимата Жамбылской области
Использование материалов и репродуцирование архивных документов АКЦ запрещено



Біліп айтқан сөзге құн жетпейді,
Тауып айтқан сөзге шын жетпейді.
Өзің білмесең, білгендерден үйрен,
Үйренгеннен ештеңең кетпейді.

ТӨЛЕ БИ ӘЛІБЕКҰЛЫ



ЖАМБЫЛДА ҚҰРЫЛТАЙ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ САЙЛАУЫНА ДАЙЫНДЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ » 3



«KELIN DODA» ТУРНИРІ ӨЗ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ » 6

ШУ ӨҢІРІ

Шуская долина

SHU

№54 (10065)
СӘРСЕНБІ
8 ШІЛДЕ,
2026 ЖЫЛ

АЙМАҚТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ (Жамбыл облысы) WWW.SHUONIRI.KZ Газет 1935 жылдың 16 маусымынан шығады

АҚОРДА

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ПАРЛАМЕНТ ПАЛАТАЛАРЫНЫҢ БІРЛЕСКЕН ОТЫРЫСЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Қымбатты отандастар!
Қадірлі депутаттар және Үкімет мүшелері!

Бүгінгі Парламенттің қос Палатасының бірлескен отырысының тарихи мән-маңызы айрықша деп айтсақ, дұрыс болар. Бұл дүйім халқымыз үшін де айқын нәрсе, ақиқат. Бүгін біз мемлекетіміздің заң шығарушы органы – Парламенттің кезекті сессиясын аяқтап, Тәуелсіз Қазақстанның дамуындағы тұтас бір дәуірді қорытындылап отырмыз. Осылайша, тереңнен тамыр тартқан мемлекеттігіміздің жаңа кезеңіне қадам басқалы тұрмыз.

Ертең Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы заңды күшіне енеді. Ұлт заңымен қатар, мемлекеттік билік жүйесі де түбегейлі жаңа сипатқа ие болмақ. Қос палаталы Парламенттің орнына Құрылтай келеді. Жалпы, бұл өзгеріс Қазақстанда тарихи сабақтастық бар екенін анық көрсетеді.

Осыдан отыз жылдан астам уақыт бұрын елімізде тұңғыш кәсіби Парламент құрылды. Мүлде жаңа институционалдық үлгіге көшкен заң шығарушы орган мемлекеттігімізді нығайтуға елеулі үлес қосты, сондай-ақ еліміздің құқықтық негізін қалыптастыру және нарықтық экономиканы орнықтыру ісінде маңызды рөл атқарды.

Қысқаша айтсақ, отыз жылдың ішінде 3,5 мыңға жуық аса қажетті заң қабылданды. Ал әрбір оныншы заңға депутаттар өздері бастамашы болды. Заң шығару жүйесінің қайнар бастауында бүкіл халқымызға және халықаралық қауымдастыққа танымал саясаткерлеріміз, көрнекті мемлекет қайраткерлері, белгілі қоғам қайраткерлері тұрды. Олардың жемісті еңбегі Парламент тарихында өшпес із қалдырды. Қажырлы қызмет халқымыздың жадында мәңгі сақталып қаларына күмән жоқ.

Парламент әрдайым уақыт талабына тез бейімделіп, қоғам сұранысына лайықты жауап бере алатын жасампаз құрылым болды. Парламент – мемлекетіміздің басты өкілді органы, қоғамның түрлі саласындағы кәсіби мамандарды бір мақсатқа тоғыстырды. Елімізде саяси және заңнамалық тұрғыдан сапасы жоғары



парламенттік мәдениет қалыптасты. Бұл – Қазақстанды дамыған ел ретінде айқындайтын ең маңызды көрсеткіштің бірі. Түптеп келгенде, Парламенттің әрбір шақырылымы Қазақстанның алға қарай нық сеніммен қадам басуына зор серпін берді, басқаша айтсақ, ұлтымыздың эволюциялық өрлеу жолының жарқын үлгісіне айналды.

Мен Парламенттегі қайнаған еңбектің, онда қабылданған әрбір заңның Тәуелсіз еліміздің келешегі үшін қаншалықты маңызды екенін жақсы түсінемін. Осы тарихи сәтке орай, ұлт мүддесін бәрінен биік қойып, елге мінсіз әрі адал қызмет еткені үшін барлық шақырылымдағы Мәжіліс пен Сенат депутаттарына шынайы ризашылығымды білдіремін.

Әсіресе, Парламенттің қазіргі құрамына, яғни сіздерге алғысым зор. Бұл шақырылымды Қазақстанның жаңа тарихындағы ең мықты құрамның бірі деп сеніммен айтамын. Себебі сіздер мемлекетіміздің дамуындағы өте күрделі және шешуші кезеңде жұмыс істедіңіздер. Баршаңыз ел өмірінде болып жатқан ауқымды өзгерістердің бастауында тұрдыңыздар. Қаншалықты қиын болса да, түбегейлі өзгерістерді жүзеге асыру жолында табанды еңбек еттіңіздер. Сын сағатта жауапкершіліктен жалтармай, мемлекетіміз үшін аса қажетті реформаларды жүргізуге ұйытқы болдыңыздар.

Тек кейінгі үш жылдың өзінде 300-ден астам өте маңызды заң қабылданды. Олардың қатарында еліміздің алдағы биік белестерінің сенімді арқауы болатын, тарихи мәні зор конституциялық заңдар мен кодекстер бар. Біз біртұтас ұлт болып мемлекетімізді түбегейлі жаңғырту ісін қолға алдық. Экономикадан бастап қоғамдық құндылықтар жүйесіне дейін – ел өмірінің барлық саласында ауқымды өзгерістер жасалды. Әрине, дәуірлік ауқымдағы мұндай реформалардың бел ортасында жүру – зор мәртебе әрі үлкен жауапкершілік.

Осы тұрғыдан алғанда, сіздер өздеріңізге жүктелген міндетті абыроймен атқарып шықтыңыздар. Әділетті әрі Қуатты Қазақстанды құру үшін қажырлы еңбек еттіңіздер. Сіздердің табанды, мардымды еңбектеріңіз еліміздің жылнамасында қалатынына күмән болмауы керек. Дегенмен уақыт бір орында тұрмайды, зымырап өтіп жатыр. Көз ілеспес жылдамдықпен өзгеріп жатқан қазіргі кезеңде шын мәнінде жаңашыл әрі батыл қадамдар жасалуға тиіс. Осы өзекті мәселені мен бұрын да бірнеше рет айтқам. Бұл – заман талабы.

Халықаралық ахуал уақыт өткен сайын күрделеніп, құбылып, тұрақсыздық белең алғанын көріп, біліп отырсыздар. Бұл жағдай жаһандық экономикаға орасан зардабын тигізіп жатыр. Халықаралық валюта қоры мен Біріккен Ұлттар Ұйымының құзырлы агенттіктерінің болжамы бойынша алдағы екі жылда әлем қауымдастығы, соның ішінде жекелеген мемлекеттер экономикалық жоспарларын жүзеге асыру кезінде едәуір қиындыққа тап болуы мүмкін.

Бірақ еңсені түсіріп, үрейге бой алдыруға болмайды. Үкімет елдің орнықты дамуын қамтамасыз ету үшін барынша белсенді және ширақ жұмыс істеуге тиіс. Инфляцияны тежеп, оны мейлінше төмен деңгейге жеткізген жөн, сондай-ақ экономиканың қарқынын төмендетпей, керісінше, оның көрсеткіштерін ұлғайту қажет.

Бәріңізге белгілі, ертең мемлекеттік басқару жүйесін түбегейлі жаңғырту жұмысы ресми түрде бастау алады. Мұны кезекті әкімшілік реформа деп түсінуге болмайды. Себебі, бұл – еліміз үшін мүлде жаңа тарихи кезең басталады, яғни мақсаты да, мағынасы да мүлде бөлек, бұрынсоңды болмаған өзгерістер іске асады деген сөз. Басқаша айтсақ, біз қазақ мемлекеттігінің

(Жалғасы 2, 3-беттерде)



Қазақстан Республикасы Құрылтайының сайлауын тағайындау туралы

Қазақстан Республикасы Конституциясының 46-бабының 3) тармақшасына және 95-бабының 1-тармағына сәйкес ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау 2026 жылғы 23 тамызға тағайындалсын.

2. Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлауға дайындықты және оны өткізуді ұйымдастырсын.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі, астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың әкімдері Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлауды ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық және қаржылық қамтамасыз ету жөніндегі барлық қажетті шараларды кідіріссіз қабылдасын.

4. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.


Қазақстан Республикасының Президенті
Қ.Тоқаев

Астана, Ақорда, 2026 жылғы
1 шілде
№ 1338

МЕРЕКЕ МЕЗІРЕТІ

ЕҢСЕЛІ ЕЛОРДА – ЕГЕМЕНДІК АРҚАУЫ

Астана — арман-мұратымыз байланған алтын қазығымыз. Оның өткені еліміздің өрнекті тарихымен өрілген. Ал бүгіні тыныштық пен тұрақтылықтың айқын көрінісі екені даусыз.



Байжан ЕМБЕРДІ,
«Шу өңірі»

6 шілде – Астана күніне арналған мерекелік шаралар еліміздің барлық өңірлерімен қатар Шу ауданында да кеңінен аталып өтті. Атап айтқанда, теміржолшылар қаласындағы «Жеңіс» саябағында «Еңселі Елорда, асқақтаған Астана!» атты салтанатты шара ұйымдастырылды.

Аудандық мәдениет үйі әзірлеген сазды бағдарламаны тамашалауға жиналған тұрғындарды аудан әкімінің орынбасары Найман Сұлтанбаев құттықтап, Елорда күнінің мәнмаңызына тоқталып, жүрекжарды лебізін жеткізді.

– Астана – Тәуелсіз Қазақстанның айбары. Жас болса да жаһанға жақсы



атымен мәшһүр болған елордамыз әлем жұртшылығы қызыға қарайтын ажарлы шаһарға айналды. Сол аз ғана уақыт ішінде әлем назарын өзіне аударған заманауи шаһарымыз еліміздің саяси, экономикалық, мәдени және рухани орталығы ретінде дамып келеді.

Бүгінде әрбір қазақстандықтың табысты еңбегі мен бірлігі еліміздің өркендеуіне, өңірлеріміздің дамуына және Астанамыздың көркеюіне өз үлесін қосып келеді. Шу ауданының тұрғындары да туған өлкеміздің өсіп-өркендеуіне адал еңбек етіп, ел игілігі жолында аянбай қызмет атқаруда, – деді Найман Кенжеханұлы өзінің құттықтауында.

Құттықтау сөзінен кейін аудан өнерпаздары сахна төрінде Астанаға арналған әндер мен патриоттық туындыларды көрерменге тарту етті. Мерекелік концерт барысында 30-дан астам концерттік нөмір ұсынылды. Көтеріңкі көңіл күйге бөленген шулықтар өнерпаздарға үздіксіз қол соғып отырды.

Мемлекеттік мерекенің құрметіне ұйымдастырылған сазды бағдарламаға куә болған қонақтардың бірі – Әсел Лахаева. Қазіргі таңда Түркия астанасы Анкара қаласында тұрып жатқан жерлесіміз туған жерінің жыл сайын түлеп келе жатқанын тілге тиек етіп, мерекеге орай өткізілген шараның жоғары деңгейде өткенін айтты.

– Туған жеріме келген сайын Шу ауданының көркейіп жатқанын көремін. Кеше Домбыра күні болды. Бүгін Елорда күніне арналған кеш өтіп жатыр. Барлығы тамаша ұйымдастырылған. Жырақта жүрсем де, туған өлкем жүрегімде, – дейді Түркі тарихы және мәдениеті қорының директоры Әсел Төреханқызы.

Бұдан өзге де тұрғындар Астана күнімен бір-бірін құттықтап, ақжарма тілектерін ақтарып жатты. Дәл осындай сазды бағдарлама шілде айының бірінші жексенбісіне белгіленген Ұлттық домбыра күніне орай да өткізілді.

Бүгінгі елордамыздың тарихында 1997 жылы Ақмола қаласының Қазақстан Республикасының астанасы болып жариялануы ерекше орын алады. 1998 жылы қалаға Астана атауы берілді. 2026 жылғы 1 маусымдағы Ұлттық статистика бюросының мәліметі бойынша Астана қаласының халқы 1 674 699 адамды құрайды. Агломерациясы қарқынды дамып келе жатқан елорда бүгінде алты әкімшілік ауданнан тұрады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Елорда – еліміздің саяси, экономикалық, ғылыми-білім беру және мәдени орталығы. Астананың қарқынды дамуы – Қазақстанның тұрақты дамуының көрінісі», – деген сөзі Астананың бүгінгі келбеті мен маңызын дәл сипаттайды.

Елорда күні мен Ұлттық домбыра күніне арналған тағылымды шаралар елдік құндылықтарды ұлықтап, ұлттық рухты асқақтатты. Осындай мерекелер арқылы ұрпақ санасына Отанға деген сүйіспеншілік, туған жерге деген құрмет пен бірлік идеясы тереңірек сіңе түседі. Тәуелсіз еліміздің тұғыры берік, еңселі Елордамыздың мерейі асқақ болғай!

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ПАРЛАМЕНТ ПАЛАТАЛАРЫНЫҢ БІРЛЕСКЕН ОТЫРЫСЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

«ғимаратына» күрделі жөндеу жүргізуді көздеп отырмыз.

Біз ел Тәуелсіздігінің мызғымас тұғыры мен іргетасын көздің қарашығындай сақтап, мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіре түсуге міндеттіміз. Бұл – аса маңызды міндет. Оған мемлекеттік қызметте, академиялық институтта, ғылыми және саяси зерттеулер орталықтарында, үкіметтік емес секторда, халықаралық ұйымдарда қызмет ететін, осы іске қатысы бар азаматтардың барлығы атсалысуы қажет.

Былтырғы Жолдауымда Қазақстанды үш жылдың ішінде дамыған цифрлық мемлекетке айналдыру жөнінде міндет қойғанымды білесіздер. Еліміздің келешегі осы мақсатты қалай іске асыратынымызға байланысты. Біз Қазақстанның Тәуелсіздігі мен Егемендігін сенімді түрде қорғау мәселесін әлі түбегейлі шешкен жоқпыз. Мұны ешқашан естен шығармайық. «Жау жоқ деме жар астында» деген тәмсілді әрқашан қаперде ұстаған жөн. Біздің басты мұратымыз – халықтың әл-ауқатын арттырып, қауіпсіздігін қамтамасыз ету, азаматтардың тұрмыс сапасын жақсарту. Бұл көрсеткіштерді ұдайы көтеріп, осы үрдісті үздіксіз жалғастыра беруіміз қажет.

Сондықтан біздің мұндай кезде қол қусырып отыруға құқымыз жоқ. Алдымызда тұрған аса ауқымды әрі күрделі міндеттерді табысты жүзеге асыру үшін табанды, нәтижелі еңбек етуіміз керек.

Осы тұста бірлесіп атқарған жұмысты қорытындылап, алдағы даму жоспарымызды айқындап алу қажет деп санаймын.

БІРІНШІ. Мемлекеттік биліктің жаңа құрылымын қалыптастыру.

Әлгінде айтып өткенімдей, осы шақырылымдағы Парламент депутаттары заң шығару ісінде сапалы жұмыс атқаруымен есте қалады. Депутаттар корпусы өз қызметінде бұрын-соңды болмаған нәтиже көрсетті. Сіздер Әділетті Қазақстанның негізін қалау үдерісіне, сондай-ақ Конституцияны әзірлеп, қабылдауға зор үлес қостыңыздар. Кез келген депутат саясаткерлер мен қоғам қайраткерлерінің келесі буынына, балалары мен немерелеріне: «Мен 2026 жылы қабылданған Конституцияны дайындауға тікелей қатысқанмын» деп еш ұялмай айта алады.

Жалпы, депутаттық корпус парламенттік реформаны толық қолдады. Сол арқылы саяси және азаматтық жауапкершілік танытып, ұлт мүддесі бәрінен биік тұратынын бүкіл әлемге паш етті. Осында отырған біраз депутат Конституциялық комиссия құрамында болды. Сіздер азаматтармен кездесіп, мемлекетіміздің тұрпатын өзгертетін, экономикалық әлеуетін күшейтетін реформалардың мән-маңызын жұртшылыққа жан-жақты түсіндіріп бердіңіздер.

Сіздер жалпыхалықтық референдумда Ата заңымыз қабылданған соң мемлекетіміздің құқықтық жүйесін жедел әрі сапалы жаңарту жұмысын жүргіздіңіздер. Өте қысқа мерзімде еліміздің заңнамасын жаңа Конституция нормаларына сай өзгерту жұмысын атқардыңыздар. Атап айтқанда, Парламент 9 заң топтамасын, соның ішінде 6 конституциялық заңды шұғыл әзірлеп, қабылдады. Нәтижесінде мемлекеттік биліктің «Күшті Президент – ықпалды Құрылтай – есеп беретін Үкімет» деген базалық формуласы толыққанды институционалдық мәнге ие болды.

Жаңарған билік тармақтарының теңгерімді жүйесінде Президент Тәуелсіздік пен мемлекет тұтастығының символы, Конституцияны және азаматтардың заңды құқықтары мен бостандықтарын сақтаудың кепілі ретінде бұрынғыдай басты рөл атқарады.

Қазақстан президенттік республика болып қала береді. Мұны түсіну, ескеру өте маңызды. Яғни Президент – мемлекеттің ең жоғары лауазымды тұлғасы, Қарулы күштердің Жоғарғы Бас қолбасшысы, барлық құқық қорғау органдарының басшыларын тағайындайды, елдің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарын айқындайды, Қазақстан атынан халықаралық аренада өкілдік етеді.

Сонымен қатар жаңғырту жұмыстары парламенттік жүйені одан әрі трансформациялау тетіктерін де қарастырады. Құрылтайдың алдында барлық бюрократиялық рәсім түріндегі кедергілерді жою, заң шығару ісінің жеделдігі мен сапасын арттыру, білікті сарапшылардың және консультанттардың қызметін тиімді ұйымдастыру міндеті тұр.

Жаппай цифрландыру және жасанды интеллект дәуірінде Құрылтайға ұлттық заңнаманы тез өзгеріп жатқан цифрлық матрица жағдайына шұғыл бейімдеу үшін қарқынды жұмыс істеуге тура келеді. Бұл – өте маңызды. Қазақстанның жаһандық бәсекеге қаншалықты дайын екені осыдан көрінеді.

Құрылтай технологиялық прогрестің жетекші факторы болады деп үміттенемін.

Былтыр қазан айында өткен Парламенттік реформа жөніндегі жұмыс тобының алғашқы отырысында мен толыққанды e-Parlament жүйесін енгізу мәселесін көтерген едім. Қазақстан e-Government, яғни Электрондық үкіметтің даму деңгейі бойынша жаһандық рейтингте әлемдегі үздік 25 елдің қатарына кірді. Енді Электрондық Парламентті қалыптастыруға және дамытуға көп күш-жігер жұмсауымыз қажет.

Жаңадан сайланған депутаттар заң шығару ісінде болжамды сараптамаға, Үлкен дерекқорды басқару арқылы кез келген шешімнің экономикалық салдары мен әлеуметтік тәуекелдерін модельдеуге баса мән беруі керек. Маңызды заң жобаларын сарапшылармен және жауапты қоғам белсенділерімен бірге талқылаған жөн. Цифрлық құралдарды пайдалану қажет. Бұл пікірталасқа қатысушылар санын көбейтіп, мәселені нағыз қоғамдық талқыға салуға мүмкіндік береді.

Құрылтай жалпыұлттық деңгейдегі ашық диалог алаңы ретінде қызмет етіп, қоғамды толғандырған өзекті мәселелерге дер кезінде назар аударуы қажет. Бұл – азаматтардың дәйекті өтініштері міндетті түрде ескеріліп, нақты нормативтік-құқықтық актілерді қабылдау арқылы мемлекеттік мекемелерге тиісті тапсырмалар берілуі керек деген сөз.

Шын мәнінде, тиімді жұмыс істейтін қоғамдық институттары болса ғана, Озық және Әділетті мемлекет қалыптасады. Сол себепті, мен жаңа конституциялық орган – Қазақстан Халық Кеңесін құруды ұсындым. Қазақстан Халық Кеңесі мәслихаттардың, қоғамдық кеңестердің, сарапшылар алаңы мен азаматтық қоғам ұйымдары өкілдерінің басын біріктіреді. Бұрын Қазақстан халқы ассамблеясына тиесілі болған қызметтік міндеттер енді Халық Кеңесіне өтеді. Осылайша, құрылым форматы өзгергенімен, жалпыұлттық бірлігіміздің мәні ішкі саясатымыздың маңызды бағыты ретінде сақталады.

Халық Кеңесі – тарихымызда алғаш рет конституциялық деңгейде құрылған диалог алаңы. Көпұлтты және әралуан Қазақстанымыздың символы. Бұрын шашыраңқы болған құрылымдар заң шығару бастамасын көтеру құқығына ие болатын Жоғары консультативтік органның аясына бірігеді. Демек халықтың үніне құлақ асу мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігіне айналады.

Елімізде жүргізілген реформалардың ең басты нәтижесі – азаматтардың маңызды мемлекеттік шешімдерді қабылдау үдерісіне қатыса алуы. Халықтың өз ықтиярын тікелей білдіру тетігі отыз жылға жуық уақыт бойы қолданылмай келді. Тек соңғы жылдары ғана саяси тәжірибемізге енді. 2022 жылдан бері ел тағдырына әсер ететін маңызды мәселелер бойынша үш рет жалпыұлттық референдум өтті.

Бұл орайда менің ұстанымым бұрынғыдай: елдегі өзгерістердің иесі халық болуға тиіс. Алайда билік нақты бастамалар көтере алады әрі солай болуы керек. Қазірдің өзінде елімізде жүзеге асырылған реформалар билік институттарының орнықты тежемелік және теңгерім жүйесін қалыптастырды, мемлекеттік басқару сапасын арттырды деп сеніммен айта аламыз. Ал реформалардың басты мақсаты – халықтың әл-ауқатын арттыру, өңір тұрғындарының тұрмыс сапасын жақсарту. Бұл үшін Үкімет, заң шығарушы орган, тұтас қоғам жұмыла еңбек етуі қажет.

ЕКІНШІ мәселе. Қазақстан экономикасын жаңа үлгіге көшіру.

Бұл – аса маңызды стратегиялық міндет. Оған жедел түрде қол жеткізу үшін жаңа көзқарас, жаңа ұстаным қажет. Бұрынғы жұмыс тәсілдері мен әдістері тиімді болмайтыны анық. Бұған дейін де айттым: жаһандағы жағдай, жалпы халықаралық ахуал жыл өткен сайын ушығып барады. Түрлі қақтығыстар мен сын-қатерлер аз емес. Бірақ біз соған қарамастан, салиқалы саясат жүргізіп, нық сеніммен алға қадам басып келеміз. Біз бұл саясатты берік ұстануымыз қажет. Былтыр экономикамыз 6,5 пайызға өсті. Мұны әлем елдерінің даму қарқынымен салыстырғанда жоғары көрсеткіш деуге болады.

Жалпы ішкі өнім ел тарихында алғаш рет 300 миллиард доллардан асты. Оның жан басына шаққандағы үлесі 15 мың доллардан асып, 2019 жылдан бері бір жарым есе артты. Бұл – Тәуелсіз мемлекеттер достастығы елдері арасындағы ең жоғары нәтиженің бірі.

Инфляция бағамы төмендеді: биылғы бес айдың қорытындысы бойынша оның деңгейі 10,4 пайызға дейін түсті. Бірақ бұл көрсеткішті әлі де төмендету керек. Қазақстанның қаржы жүйесі тұрақты. Ұлттық валютамыз да өз тұғырында нық тұр, сыртқы қауіп-қатерлерден сенімді түрде қорғалған деп айтсақ, қате болмайды.

Жалпы, Парламент Үкіметпен және Ұлттық банкпен бірлесіп, тиімді жұмыс атқарды. Қазіргі таңдағы ең өзекті мәселе – Ұлттық банктің негізгі пайыздық ставкасы. Бұл мәселені пайымдап шешу керек. Өздеріңіз қабылдаған Бюджет және Салық кодекстеріне сәйкес еліміздің экономикалық жүйесі толығымен қайта жаңғырды және мемлекет қаржысын басқаруға қатысты ұстаным түбегейлі өзгерді. Осылайша, Қазақстан экономикасының жаңа келбетіне жол ашуға қажетті негіз қалыптасты.

Елімізде көлік, тұрмыстық техникалар, жүк вагондарын, құрылыс материалдарын және басқа да сапалы өнімдер шығаратын заманауи зауыттар ашылып жатыр. Тек 2023-2025 жылдардың ішінде 540 индустриялық жоба жүзеге асырылды. Олардың жалпы құны 3,7 триллион теңге болды. Алдағы екі жылда тағы 200-ден астам өндіріс орны іске қосылмақ. Осы мақсатқа шамамен 3 триллион теңге инвестиция тартылады. Бұл – қазынаға түсетін салық көлемі артады, өндіріске озық технологиялар енгізіледі және ең бастысы, жаңа жұмыс орындары ашылады деген сөз. Іске қосылған жобалардың арқасында қазірдің өзінде 50 мыңға жуық тұрақты жұмыс орны пайда болды. Қалған жобалар жүзеге асқан соң тағы 20 мыңнан астам адам жұмыспен қамтылады.

Мемлекет отандық кәсіпкерлерді қолдауға баса мән беруде. Осы мақсатқа қомақты қаржы бөлініп жатыр. Жалпы, Қазақстандағы жұмысқа жарамды азаматтардың жартысына жуығы табысын шағын және орта бизнестен тауып отыр. Соңғы бес жылда осы секторда еңбек ететін адам саны 4,5 миллионға жетті. Жалпы ішкі өнімнің 40 пайыздан астамы шағын және орта бизнес саласына тиесілі. Мұны рекордтық көрсеткіш деп айтуға толық негіз бар. Былтыр «Бәйтерек» холдингі арқылы кәсіпкерлерге 8 триллион теңге көлемінде қолдау көрсетілді.

Сонымен қатар елімізде түбегейлі жаңа Құрылыс және Су кодекстері қабылданды. Стратегиялық маңызы айрықша салаларды ретке келтіру үшін қабылданған құжаттардың маңызы зор.

Былтыр Қазақстанда 20 миллион шаршы метрден астам тұрғын үй салынды. Бұл да – тарихымыздағы ең жоғары көрсеткіш. Ең басты нәтиже – мыңдаған отбасы баспаналы болды.

Біз қалаларды абаттандырумен қатар, ауылдардың жағдайын жақсартуға басымдық беріп келеміз. Биыл шалғай елді мекендерде тұратын жарты миллионнан астам адамды ауыз сумен қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін 12 ірі жоба іске қосылады.

Мемлекет ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге бұрын-соңды болмаған ауқымда қолдау көрсетіп жатыр. Өткен жылы агроөнеркәсіп саласына жеңілдетілген несие беру үшін 1 триллион теңге қаржы тартылды. Осылайша, шаруалар алғаш рет жылына 5 пайыздық мөлшермен «ұзақмерзімді» қаражат алу мүмкіндігіне ие болды. Мұндай қадам ауыл шаруашылығы саласын жаңғыртуға ықпал еткені сөзсіз.

Осындай шаралардың арқасында агроөнеркәсіп кешеніне тиесілі жалпы өнім құны шамамен 10 триллион теңгеге жетті. Ал экспорт көлемі 1,3 есе артып, 7 миллиард доллар табыс түсті. Бұл – соңғы он жылдағы ең жоғары көрсеткіш.

Озық технологиялар саласы да қарқынды дамып келеді. Әсіресе, отандық фармацевтика бағытында біраз жетістіктеріміз бар. Фармацевтика индустриясына сенім деңгейі бойынша Қазақстан Тәуелсіз мемлекеттер достастығы елдері арасында көш бастап тұр. Мұндай бағаны Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы беріп отыр. Отандық дәрі-дәрмек нарығының көлемі 1 триллион теңгеден асты. Кейінгі үш жылда бұл салаға тартылған шетелдік инвестиция көлемі үш еседен астам ұлғайды. Алайда, бұған мәз болып отыра беруге болмайды, алдымызда тұрған міндет аз емес, қойылған мақсаттарға міндетті түрде жетуіміз керек.

Мен осыған дейін елімізде жаңа ивестициялық кезең басталатынын айтқан едім. Біз сол арқылы экономикамызды әртараптандыруды көздеп отырмыз. Әртараптандыру, яғни, диверсификация дегеніміз, бұл – жай ғана ұран немесе жағымды сөз емес, бұл – өте күрделі және жауапты міндет, оған үстірт қарауға болмайды. Былтыр Қазақстанға тартылған тікелей шетел инвестициясының көлемі 14 пайызға артып, 20 миллиард доллардан асты. Ең бастысы, капитал негізінен өңдеу өнеркәсібі, көлік-логистика, қаржы және цифрлық инфрақұрылым сынды келешегі зор салаларға бағытталуда. Бұл ел дамуы үшін өте жақсы үдеріс екені сөзсіз.

Осы орайда, мен мамыр айында қол қойған «Алатау қаласының арнаулы құқықтық режимі туралы» Конституциялық заңның маңызы зор. Аталған заң шетелдік және отандық бизнес үшін тың мүмкіндіктерге жол ашады. Сондықтан бұл бірегей заңнамалық актінің әлеуетін дұрыс пайдаланған жөн.

Дамуы қарқынды цифрлық мегаполистер, инновациялық кластерлер және өнімділігі жоғары индустрия қалыптастыру Қазақстанды Еуразиядағы технологиялық тұрғыдан өркендеген іскерлік хабқа айналдыруды көздейді. Кең байтақ өңірімізде бұрын-соңды болмаған бұл жоба табысты іске асқан жағдайда (Ал біз мұны сәтті жүзеге асыруға міндеттіміз), орнықты экономикалық өсімнің мүлдем жаңа моделі пайда болады.

ҮШІНШІ міндет. Еліміздің энергетикалық және инфрақұрылымдық негізін нығайту.

Экономиканың жаңа үлгісіне көшу үшін алдымен энергетикалық, инженерлік және көлік-логистикалық инфрақұрылымды толыққанды дамыту қажет. Бұл маңызды үштаған кез келген елдің, соның ішінде Қазақстанның да негізгі тірегі саналады. Сондықтан біз энергетикалық және коммуналдық салаларды жан-жақты жаңғырту жұмысын қолға алдық. Осы мақсатта бұрын-соңды болмаған ауқымдағы Ұлттық жобаны іске асыру туралы шешім қабылданды. Оны жүзеге асыру үшін тек биылдың өзінде 1 триллион теңгеден астам қаржы бөлу жоспарланып отыр.

Артық шығынға әкеп соғатын тиімсіз «әрлеу, яғни жөндеу» тәсілінен бас тартып, өмір сүру сапасына тікелей әсер ететін барлық нысандар мен жүйелерді түбегейлі жаңғырту жұмысы жүргізілетін болды.

Қазақстанның энергетикалық балансында көмір, мұнай, газ секілді отын түрлері басым. Көмірсутегі ұлттық экономиканың негізін құрап, бюджетке валюталық түсімнің қомақты бөлігін қамтамасыз етеді. Мұнай-газ шикізаты – экспорттан пайда әкелуімен қатар қалаларымыз бен ауылдарымызды қамтамасыз ететін бағасы қолжетімді жылу мен қуат көзі. Сондықтан біз елді мекендерге газ құбырын тартуды жеделдетуді жоспарлап отырмыз. Көгілдір отынмен қамту көрсеткішін (қазір 65 пайызға жуық) 80 пайызға дейін арттыру міндеті қойылды.

Үкімет дәстүрлі қуат көздерімен бірге «жасыл» энергетикаға баса мән беріп отыр. Оның энергетикалық теңгерімдегі үлесі 7 пайызға жетті. Қарқынды өсіп келе жатқан экономиканы қамтамасыз ету үшін 2029 жылға қарай 13 гигаваттан астам жаңа қуат көздерін іске қосу жоспарланған. Осы орайда, олардың кемінде төрттен бірі жаңартылатын энергия көздері есебінен жүзеге асырылмақ. Әйтсе де пайдалы қазбаларымыз, соның ішінде көмірдің мол қоры – табиғат сыйлаған артықшылығымыз саналады. Мұны толық пайдалануымыз керек. Сондықтан биыл наурыз айында Таза көмір генерациясы жөніндегі ұлттық жоба қабылданды.

Алдағы үш жылда Көкшетау, Семей және Өскемен қалаларында жоғары экологиялық стандарттарға сай келетін технологияларды пайдаланатын үш жылу электр станциясын салуымыз керек. Мұны созуға болмайды. Әйтпесе істен гөрі сөз көбейіп кетті.

Қазақстан әлемде уран өндіру бойынша көшбасшы және ядролық инфрақұрылымы бар ел саналады. Сондықтан атом генерациясын өте дұрыс таңдадық. 2024 жылғы тарихи референдум кезінде халық қабылдаған шешім, шын мәнінде, өркениетті сипатқа ие. Бұл – елдің энергетикалық дербестігінің кепілі, қуатты көп тұтынатын келешек цифрлық экономиканың сенімді тірегі. Келесі жылы алғашқы атом электр станциясының құрылысы басталады.

Біз еліміздің инфрақұрылымдық арқауының тағы бір мызғымас тірегі – көлік-логистика саласына баса назар аударуымыз керек. Бұл сала стратегиялық маңызға ие. Біздің аймақтағы барлық елдер де осы бағытқа ден қойып жатыр, сондықтан, бәсеке күшеюде.

Теміржол саласының жүк тасымалындағы рөлін ескере отырып, мемлекет жаңа магистральдар мен вокзалдар салуға және оларды жаңғыртуға баса мән беріп отыр. Былтыр Достық – Мойынты бағытының екінші желісі және Алматы қаласын айналып өтетін теміржол іске қосылды. Биыл Мойынты – Қызылжар және Дарбаза – Мақтаарал, келесі жылы Бақты – Аягөз теміржолдарының құрылысы аяқталады.

Еліміздегі автокөлік жолдарының сапасын жақсарту міндетін де орындауымыз керек. Былтыр 13 мың шақырым автокөлік жолын жөндеу жұмысы басталды. Оның 6 мың шақырымы қолданысқа берілді. Мұндай ауқымды жұмыс ел тарихында бірінші рет жасалды. Келесі жылы автокөліктерді өткізу бекеттерін жаңғырту ісі аяқталуы керек.

Соңғы бес жылда ел аумағы арқылы автокөлікпен тасымалданатын жүк көлемі екі есе артып, 6 миллион тоннаға жетті. Былтыр автокөлікпен жүк тасымалдаушылардың табысы 1,5 триллион теңге болды. Бұл – теміржол саласындағы кіріспен шамалас көрсеткіш. Осының өзі отандық автокөлік тасымалы саласының әлеуеті зор екенін көрсетеді. Демек мұндай кәсіпкерлерді барынша қолдау керек.

Авиация саласындағы табысымыз да көбеюде. Елімізде жаңа ұшу бағыттары ашылып жатыр. Толыққанды әуе хабтарын қалыптастыру үшін нақты жұмыс жүргізілуде. Әрине, осы тұрғыдан алғанда, Астана қаласында жаңа әуежай салу – кезек күттірмейтін міндет. Көп ұзамай оның құрылысы басталуы қажет. Әуе кеңістігі арқылы жүк тасымалдайтын арнайы компания құру өте орынды шешім болды деп санаймын. Бұл маңызды қадам халықаралық логистикадағы әлеуетімізді күшейтуге ықпал етері сөзсіз.

Біз аймақтағы мұнай-газ өндіретін жетекші мемлекет ретінде авиаотынға қатысты мәселелерді толық шешуге мүмкіндік беретін мықты инфрақұрылым қалыптастыруымыз қажет. Бұл – аса маңызды және шұғыл міндет.

Бәріңізге мәлім, мен жақында Брюссельге жұмыс сапарымен барып, Еуропалық Одақтың басшыларымен келіссөздер жүргіздім. Транскаспий халықаралық көлік бағытын дамыту мәселесіне баса мән берілді. Орта дәліз арқылы тасымалданатын жүк көлемі кейінгі алты жылда бес есе ұлғайып, бір жылда 4 миллион тоннадан асты. Бұл, негізінен, теңіз тасымалын дамыту және порт инфрақұрылымын жаңғыртудың арқасында мүмкін болды.

Әрине, Парламент тарапынан жасалған заңнамалық қолдау осы саланың қарқынды дамуына күшті серпіліс берді. Атап айтқанда, 2023 жылдан бері көлік-логистика секторын жаңғыртуға бағытталған 8 заң қабылданды. Бірқатар халықаралық келісім де ратификацияланды. Осындай нақты шараларды қабылдау арқылы Қазақстан аймақтағы сенімді энергетика донорына айналмақ. Сондай-ақ еліміз алдағы уақытта аймақтағы жетекші көлік-логистика торабы ретінде жоғары қарқынмен дамитын болады. Бұл – Үкімет алдында тұрған айрықша маңызды міндет. Жалпы, біздің алдымызда аса маңызды, өте жауапты және шұғыл міндет бар: бұл – кең ауқымды құрылыс жүргізу. Елімізде неғұрлым құрылыс көп болса, Қазақстан да соғұрлым өркендей береді. Ең алдымен, бұл – негізгі инфрақұрылымға қатысты мақсат. Біз теміржолдарды, автожолдарды, әуежайларды, вокзалдарды, сумен қамтамасыз ететін ірі құрылғыларды, өндіріс және өнім кәсіпорындарын, қала ғимараттарын және тағы басқа нысандарды жоғары қарқынмен салуымыз керек. Қаражат деген уақытша дүние, оның құны жыл сайын төмендеп бара жатыр, ал оны тиімді пайдалану, бұл – нақты нәтижелерге қол жеткізу, тиісті нысандарды өскелең ұрпақтарға аманат етіп қалдыру деген сөз.

Әлеуметтік мемлекет боламыз деп, қаражатты талан-таражға салуға болмайды. Осындай қысқа, шолақ ойлы саясатты біздің ұрпақтарымыз түсінбейді де, кешірмейді де. Басқа сөзбен айтқанда, Қазақстанды үлкен құрылыс алаңына айналдыруымыз керек.

ТӨРТІНШІ. Алдымызда толыққанды цифрлық мемлекет құру міндеті тұр.

Сіздерді тыңнан түрен салып, цифрлық дәуірге жол ашқан депутаттар деуге болады. Біздің елімізде болсын, әлемде болсын – жалпы еш жерде жасанды интеллектіні заң тұрғысынан реттейтін дайын үлгі немесе тәсіл болған жоқ. Соған қарамастан, сіздер еліміздің осы саладағы өсіп-өркендеуіне берік негіз болатын тиімді құқықтық жүйені құруға елеулі үлес қостыңыздар. Мен Мемлекет басшысы ретінде мұны жоғары бағалаймын.

Жаңа Конституция азаматтардың киберкеңістіктегі дербес деректерін қорғауға кепілдік береді. Бұл – Цифрлық Қазақстанды құрудың негізгі алғышарты. Қазақстан мүлдем жаңа сипаттағы Цифрлық кодекс пен «Жасанды интеллект туралы» Заң қабылдаған жаһандағы алғашқы елдердің бірі. Бұл қадам толыққанды Цифрлық ел болу үшін заманауи инфрақұрылымдық негіз қалыптастыруға мүмкіндік берді. Біз қазірдің өзінде осы жұмыстың нақты нәтижесін көріп отырмыз.

Бүгінде еліміз «Үкіметтің жасанды интеллектіге дайындық индексіне» сәйкес Орталық Азияда алдыңғы қатарда тұр. Бірақ бұл – үлкен жолдың басы ғана. Алдағы ауқымды жұмыстың негізгі бағыт-бағдары «Digital Qazaqstan» жалпыұлттық стратегиясында айқындалды. Мен бұл құжатты маусым айының басында бекіттім.

Біз жасанды интеллектіні экономиканың барлық негізгі саласына енгізіп, мемлекеттік басқарудың сапасын түбегейлі жақсартуымыз керек. Осы бағытта алғашқы маңызды шаралар қолға алынды. Мен қаңтар айында банк қызметі саласына қатысты жаңа заңдарға қол қойдым. Сол арқылы цифрлық қаржы активтерін айналымға енгізудің нақты шарттары айқындалды.

Сондай-ақ менің тапсырмаммен еліміздің құқықтық негізін жүйелеп, толыққанды жаңғыртуға мүмкіндік беретін Реттеу жөніндегі интеллект орталығы құрылды. Бұл қадам кәсіпкерлердің жұмысын едәуір жеңілдетпек. «Бір терезе» қағидаты бойынша қызмет көрсететін «e-Government Business» экожүйесін дамыту арқылы бизнес үшін қолайлы орта қалыптастыруға мүмкіндік туады.

Еліміздегі цифрлық банктер мен финтех-компаниялар тұтынушыларға және кәсіпкерлерге арналған қолайлы экожүйенің негізін қалады. Қаржы, сауда жүйелері және мемлекеттік қызметтер арасында кедергісіз цифрлық кеңістік қалыптасты. Соның нәтижесінде соңғы бес жылда электронды коммерция нарығы шамамен сегіз есе ұлғайып, 3,7 триллион теңгеге жетті. Бұл – еліміздегі бөлшек сауда көлемінің шамамен 15 пайызы.

Мұның бәрі азаматтарымыздың цифрлық жүйелерге деген сенімі жоғары екенін және олардың тұтынушылық мәдениеті өзгере бастағанын көрсетеді. Осы

Копия электронного документа. Подробнее на сайте ЦОН.

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ПАРЛАМЕНТ ПАЛАТАЛАРЫНЫҢ БІРЛЕСКЕН ОТЫРЫСЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

(Соңы. Басы 1, 2 -беттерде)

қарқынды бәсеңдетпеу үшін мемлекет тиісті инфрақұрылымды үздіксіз дамытып отыруы керек. Қуатты суперкомпьютерлерді іске қосу бұл бағыттағы маңызды қадам болды. Ол жасанды интеллект жөніндегі теориялық тұжырымдарды мемлекеттік басқаруға, экономикаға және ұлттық қауіпсіздікке арналған қолданбалы шешімдерге ұластырды. Дегенмен жасанды интеллект қауіп пен есептеу кеңістігін қажет етеді. Дәл осы себепті «Деректерді өңдеу орталықтарының алқабы» мегажобасын қолға алудың мәні зор. Аталған жоба әлемдегі жетекші BigTech-корпорацияларды тартатын жойқын гравитациялық алаңға айналады. Үкімет бұл міндетті айрықша бақылауда ұстауы керек. Оның орындалуын ұдайы қадағалап отырамын.

Шын мәнінде, қазір Жаңа Жібек жолының жоғары технологиялық хабы ретінде еліміздің цифрлық дербестігінің іргесі қаланып жатыр. Бұл ретте ең қуатты компьютерлерде, озық дата-орталықтарда жұмыс істейтін маман болмаса, қаржы желге ұшатынын ұмытпауымыз керек. Сондықтан болашақ архитекторлары мен бағдарлама әзірлеушілерін мектеп партасынан бастап даярлауға кірістік. Alem.ai халықаралық жасанды интеллект орталығының жанынан екі инновациялық мектеп ашылды. Осы оқу жылында Жасанды интеллект университеті ашылады. Бұл – аталған салаға маман даярлайтын Орталық Азиядағы тұңғыш арнаулы оқу орны болмақ.

Цифрлық трансформация дегеніміз – жоғарыдан төмен қарай барлық басқару тармақтарын, тіпті халықтың басым бөлігін қамтитын ашық әрі қарқынды үдеріс. Қазірдің өзінде жоғары лауазымды басшылардан бастап ауыл әкімдеріне дейін он мыңдаған мемлекеттік қызметші осы салалық білім беру бағдарламасына қатысып жатыр. Біз мемлекеттік басқарудың логикасы мен философиясын түбегейлі өзгертуіміз керек. Әдеттегі бюрократиядан арылып, тиімділігі жоғары «Мемлекет-платформа» (GovTech) сервистік парадигмасына батыл түрде көшуіміз қажет. Түпкі мақсатымыз – жаһандық технологиялық ландшафтта орныққан, ұлттық мүддені табанды түрде қорғап, ілгерілететін, азаматтарына мүлтіксіз қызмет ететін озық цифрлық мемлекет құру.

БЕСІНШІ мәселе. Бұл – адам капиталын дамыту.

XXI ғасырда шикізатқа немесе халық санына ғана сеніп отыра беруге болмайды. Мұндай ұстаным кез келген мемлекетті жарға жығады. Мен бұл туралы үнемі айтып келемін. Қазір де қайталаймын: инфляцияға тәуелді емес бір ғана капитал бар: бұл – адам әлеуетінің сапасы.

Сондықтан біз әлеуметтік салаға бірден-бір стратегиялық бағыт ретінде қараймыз. Бүгінде мемлекет азаматтарды жан-жақты дамытуды көздейтін негізгі салалардың барлығына қомақты қаражат бөліп отыр. Соның ішінде ғылым мен білім, мәдениет пен денсаулық, спорт және әлеуметтік қолдау саласын ерекше атап өткен жөн. Биылдың өзінде осы стратегиялық мақсатқа 19 триллион теңгеден астам қаржы бөлу жоспарланып отыр. Бұл – мемлекет бюджетінің жартысынан көбі деген сөз.

Расында, Қазақстан – әлеуметтік салаға айрықша мән беріп, жүйелі әрі байыпты саясат жүргізіп келе жатқан әлемдегі аз ғана мемлекеттің бірі. Осы орайда, Парламенттің әлеуметтік бастамаларды жүзеге асыруға және қоғамда әділдік қағидатын орнықтыруға ерекше үлес қосқанын атап өткен жөн. Бірақ біз мына нәрсені дұрыс түсінуіміз керек: шынайы әділеттілік дегеніміз ел игілігін бәріне бірдей бөліп бере салу емес. Нағыз әділеттілік – әрбір азаматқа тең мүмкіндік беретін тиімді әрі мұқият ойластырылған жүйе құру деген сөз. Ең бастысы, барлығы заң алдында тең болуға тиіс. Бұл – Әділетті Қазақстанның мызғымас қағидаты.

Парламенттің «Заңсыз иемделген активтерді мемлекетке қайтару туралы» заңды қабылдауы – осы қағидаттың нақты көрінісі. Аталған Заң аясында елге триллион теңгеден астам қаражат қайтарылды. Қазірдің өзінде осы қаржының жартысынан көбі халық игілігіне жұмсалды. Соның есебінен 450 аса маңызды әлеуметтік және коммуналдық нысан салынды.

Біз арнайы конституциялық нормаға сүйене отырып, табиғи байлықты азаматтардың бастапқы капиталы ретінде бекіттік. Қазақстан – осындай бірегей бастаманы іске асырған аймақтағы алғашқы мемлекет. «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы – соның айқын дәлелі. Бұл жобаның тиімділігі жоғары: үш жылдың ішінде 6,5 миллион баланың есепшотына 2,3 миллиард доллар аударылды. Сондай-ақ біз қамқорлық шараларының нақты жалғасы ретінде «Келешек» жинақтау жүйесін іске қостық. Дарынды балаларға, соның ішінде халықаралық олимпиада жеңімпаздарына жүйелі түрде қолдау көрсете бастадық. Болашаққа инвестиция салу дегеніміз де – осы. Ал, айналамызда, яғни Еуразия құрлығында қай мемлекет әлеуметтік мақсаттарға осыншама қомақты қаражатты бөліп беріп жатыр? Жауап белгілі сияқты.

Біз қазір білім экономикасы үстемдік құрған дәуірде өмір сүріп жатырмыз. Осындай кезеңде технологиялық дербестігімізді күшейте түсу үшін ғылым саласын және жоғарғы мектеп жүйесін дамытуға баса назар аударуымыз қажет. Соған сәйкес біз еліміздегі университеттерді жаңғырту жұмысын қолға алдық. Бұдан бөлек, шетелдік жетекші жоғары оқу орындарының филиалдары ашылып жатыр.

Өздеріңіз мақұлдап, қабылдаған «Ғылым және технологиялық саясат туралы» заң ғылыми инфрақұрылымды жақсартып, жас ғалымдарға мол мүмкіндіктер беруге зор ықпал етуде. Жалпы, алдымызда ғылым деңгейін, оның тиімділігін барынша көтеруге қатысты маңызды мақсат тұр.

Әрине, кез келген ұлттың зияткерлік әлеуеті сол елдегі орта білімнің деңгейімен өлшенетіні ақиқат. Соңғы үш жылда республика бойынша 584 заманауи мектеп салынды. Әрбір үшінші мектеп инновациялық үлгідегі «Келешек мектептері» жобасы аясында бой көтерді. Биыл тағы 84 мектеп ашылады. Оның жартысынан көбі ауылдық жерлерде салынып жатқанын атап өту қажет.

Отандық медицина саласы да дамып келеді. Жалпы, 2019 жылдан бері елімізде шамамен 1300 денсаулық сақтау нысаны ашылды. Азаматтардың орташа өмір сүру ұзақтығы 76 жасқа жуықтады. Дүниежүзілік банктің мәліметіне сәйкес, осы көрсеткіш бойынша Қазақстан осы аймақта көш бастап тұр. Бұл ел дамуының нақты көрінісі екені сөзсіз.

Азаматтардың бәріне сақтандыру мәртебесіне қарамастан базалық медициналық көмек алуға кепілдік берілген. Бұдан бөлек, отандастарымызға нейрохирургиядан бастап репродуктивті медицинаға дейінгі ең жоғары технологиялық медициналық ем-шаралардың барлығы қолжетімді.

Сонымен қатар қоғамға қызмет ету жолын таңдағандардың алаңсыз еңбек етуіне лайықты жағдай жасап жатырмыз. Нақты қадамдар арқылы ұстаздар мен дәрігерлердің беделін арттыра береміз. Мұғалімдердің, медициналық және әлеуметтік қызметкерлердің жалақысы кезең-кезеңімен көтеріліп келеді. Соңғы үш жылда 1,2 миллионнан астам адамның еңбекақысы 50 пайыздан 100 пайызға дейін артты.

Қазақстанда атаулы әлеуметтік көмектің көп деңгейлі жүйесі жолға қойылған. Бұл көмек шын мұқтаж адамдарға берілуге тиіс. Көмек «Отбасының цифрлық картасы» технологиялық шешімі арқылы көрсетіледі.

Парламент депутаттарының табандылығы арқасында зиянды өндірісте еңбек ететіндердің мәселесі шешілді. Бұл жиі көтеріліп, әбден жауыр болған түйткіл еді. Енді өндіріс еңбеккерлері арнайы әлеуметтік төлем алуға, 55 жастан бастап зейнетке шыққанға дейін жеңілірек жұмысқа ауысуға заң жүзінде қақылы.

Әйелдер мен балалардың құқығын қорғауға, халықтың шамадан тыс кредит алуын азайтуға, ойынқұмарлыққа, есірткі қылмысына және кибералаяқтыққа қарсы күрес шараларына қатысты қабылданған заңнамалық шешімдеріңіз жұртшылықтың кең қолдауына ие болды.

Біздің басты стратегиялық мақсатымыз – жоғары конституциялық қағидаттарды іске асыра алатын білімді, дені сау, зияткер әрі озық ойлы ұрпақ тәрбиелеу. Қашанда жаңашылдыққа ұмтылатын жасампаз ел болу үшін біз ең алдымен мызғымас құндылықтарымызға, бай тарихымыз бен мәдени мұрамызға арқа сүйеуіміз қажет.

Бірнеше күннен кейін бәріміз бір ел болып «Ұлттық домбыра күнін» атап өтеміз. Бұл – болмысымызды айшықтайтын, жұртымыздың, әсіресе, өскелең ұрпақтың рухын көтеретін айрықша мереке. Көрнекті ақын Қадыр Мырза Әлінің «Нағыз қазақ – домбыра» деп жырлауы тегін емес. Расында, домбыраны ұлықтау арқылы біз төл өнерімізді төрге оздырамыз. Домбыра қастерлі құндылығымыз ретінде ұлтымызды әлемге танытатын бірегей брендке айналуы керек.

Жалпы, мемлекет руханият саласын дамытуға әрдайым баса назар аударып келеді. Бұл тағылымды іске депутаттар корпусы – сіздер де зор үлес қостыңыздар. Әрине, сіздер атқарған ауқымды жұмыстың мән-маңызын бір ғана жиынның аясында жеткізу мүмкін емес.

Парламент мен атап өткен заңнамалық жұмыстан бөлек, көптеген өзекті мәселені айрықша назарда ұстады. Сегізінші шақырылым депутаттары Үкіметке 2 мыңнан астам сауал жолдады. Сондай-ақ 31 Үкімет сағатын және 9 Парламент тыңдауын өткізді. Қос палатаның комитеттері белсенді әрі жемісті жұмыс істеді.

Бір палаталы Құрылтай жүйесіне көшкен соң заң шығарушы органның комитеттері де мемлекет саясатының басым бағыттарын негізге ала отырып, құрылғаны жөн. Осы жылдар ішінде депутаттық корпус азаматтармен ашық әрі тиімді байланыс жүйесін қалыптастырды. Атап айтқанда, партия жобаларын табысты жүзеге асырды. Сондай-ақ тұрақты түрде аймақтарға барып, жұртшылықпен кездесіп отырды. Қоғамдық қабылдаулар кезінде азаматтардың талап-тілектерін назарға алып, өзекті мәселелердің шешім табуына ықпал етті.

Парламент беделді ғалымдарды, байыпты сарапшыларды және қоғам белсенділерін ортақ мүддеге біріктірген орталыққа айналды. Сенат жанындағы сарапшылар клубы мен Мәжіліс жанындағы қоғамдық палата осы бірегей зияткерлік экожүйенің берік тірегі болды. Бұл құрылымдар сындарлы диалогті дамытып, заң жобаларын жан-жақты талдауға жол ашты.

«Адал азамат» тұжырымдамасы мен «Таза Қазақстан» жалпыұлттық акциясы қоғамда жаңа этиканы қалыптастыруға арқау болды. Депутаттар осы жалпыұлттық бастамалардың мән-маңызын халыққа түсіндіруге және іске асыруға белсене атсалысты. Парламенттің қажырлы қызметінің арқасында «Заң мен тәртіп» қағидаты мемлекет саясатында түбегейлі орнығып, ұлт болмысының ажырамас бөлігіне айнала бастады.

Сонымен қатар Парламент депутаттары Қазақстанның халықаралық беделін нығайтуға елеулі үлес қосты. Сол арқылы еліміздің жауапты әрі ықпалды «орта держава» ретіндегі рөлі күшейе түсті. Депутаттар парламентаралық ассамблеялардың, шетелдік сапарлар мен форумдар аясында шетелдік әріптестерімен және жаһандық институттармен сенімді әрі нәтижелі байланыс орната білді. Осы тұста Әлемдік және дәстүрлі діндер съезінің жұмысын айрықша атап өту қажет. Беделді диалог алаңының хатшылығы ұзақ жыл бойы Сенат аясында табысты жұмыс істеп келді.

Құрылтай басты заң шығарушы орган ретінде барлық бағыт бойынша сабақтастықты және институционалдық дәстүрді сақтап, жылдар бойы қалыптасқан бірегей парламенттік мәдениетті жоғалтпай, оны одан әрі дамытуға баса мән беруге тиіс. Еліміздің жоғары өкілді органы – Құрылтайдың негізгі мақсаты – баршаға бірдей мүмкіндік беретін Әділетті Қазақстанды құру ісіне атсалысу және осы бағытта белсенді жұмыс істеу. Бір палаталы өкілді орган өзінің заңнамалық миссиясын табысты орындай отырып, қоғамда Заң мен Тәртіп, Еңбексүйгіштік, Тазалық, Қоршаған ортаны қорғау сынды мызғымас құндылықтарды орнықтыра түсуге барынша ықпал етеді деп сенемін.

Құрметті депутаттар!

Жаңа Конституцияның заңды күшіне енуі – ұлт тағдырына тікелей әсер ететін тарихи оқиға. Тұғырына қонған Ата заңымыз аса ауқымды қоғамдық-саяси үдерістер кезеңіне жол ашады. Осыған орай, мен бірқатар маңызды құжатқа, соның ішінде Құрылтай сайлауын өткізу туралы арнайы Жарлыққа қол қоямын. Соған сәйкес партиялар арасындағы бәсеке де жандана түседі. Біз жасампаз ел ретінде осы саяси науқанды да жоғары деңгейде өткізуіміз керек. Алдағы сайлауда ашық, адал және әділ бәсеке болуға тиіс.

Қазақстан халқы – қоғамда жасалып жатқан түбегейлі өзгерістердің негізгі қозғаушы күші. Азаматтарымыз елдің ертеңіне бей-жай қарамай, шешуші сәтте таңдау жасауға қабілетті екенін айқын көрсетіп келеді. Бұл – жауапкершілігі жоғары, бірлігі бекем, рухы және мәдениеті биік ұлттарға ғана тән қасиет. Сайлауға қатысу – елдік істен шет қалмау деген сөз. Осы ретте жұртымыз алдағы саяси науқанға белсене атсалысады деп сенемін.

Құрылтай – жаңа тұрпатты Қазақстанның маңызды символы. Сондықтан оның құрамына нағыз отаншыл, бастамашыл әрі мемлекетшіл тұлғалар, яғни тек үздіктер ғана кіруі керек. Себебі халық реформалардың қаншалықты нәтижелі болғанын дәл осы Құрылтайдың қызметіне қарап бағалайды. Осындай маңызды сәтте мен тағы бір мәрте Сенат пен Мәжілістің басшылығына және депутаттарына шынайы ризашылығымды білдіремін. Себебі сіздер мемлекетіміздің игілігі үшін адал әрі қажырлы еңбек еттіңіздер. Жұрттың мұң-мұқтажын батыл көтеріп, ұлт мүддесін бәрінен биік қоя білдіңіздер.

Жаңа кезең – жаңа мүмкіндіктер уақыты. Депутаттардың бірқатары Құрылтайға өтіп, ел игілігі жолында еңбек ете береді деп ойлаймын. Қазақстан Халық Кеңесінде де өздеріңіз секілді білікті азаматтар болуы керек деп санаймын.

Сондай-ақ бүгін мен «AMANAT» партиясының фракциясына және барлық мүшелеріне белсенді, байсалды және жасампаз ұстанымдары үшін алғыс айтамын. Сіздер шынайы отаншылдық пен азаматтық жауапкершіліктің озық үлгісін көрсетіп келесіздер. Саяси ұйымның таяуда өткен съезінде «ӘДІЛЕТ» партиясына қосылу туралы стратегиялық шешім қабылданды. Мен бұл тарихи шешімді қолдаймын. Бүгінгі таңда барлық озық әрі жасампаз күштер жалпыұлттық құндылықтар мен ортақ мақсаттарға бірігуде. Мұндай қадам елімізде қолға алынып жатқан түбегейлі реформаларға тың серпін берері сөзсіз.

Түптеп келгенде, баршамыздың мұратымыз – бір. Бұл – жас ұрпақтың жарқын болашағына жол ашатын өркениетті әрі озық мемлекет құру. Біздің Қазақстаннан басқа Отанымыз жоқ. Еліміздің ойдағыдай дамуы бізге ғана керек. Ұлт болып ұйысып, жұрт болып жұмыла білсек, біз кез келген белесті бағындырамыз, көздеген мақсатымыздың бәріне қол жеткіземіз. Қастерлі Тәуелсіздігіміздің тұғырын нығайтып, Әділетті, Қуатты, Қауіпсіз, Таза әрі Озық Қазақстанды құрамыз. Мен бұған кәміл сенемін! Осы жолда аянбай еңбек ету – әр азаматтың перзенттік парызы.

Еліміз аман, жұртымыз тыныш, бірлігіміз бекем болсын!

Қазақ елі мәңгі жасасын!

Akorda kz

Управления природных ресурсов и регулирования природопользования ДК

САЙЛАУ - 2026

Жамбылда Құрылтай депутаттарының сайлауына дайындық мәселелері талқыланды



Күні кеше ағымдағы жылдың 23 тамызына тағайындалған Қазақстан Республикасы Құрылтай депутаттарының сайлауы науқаны шеңберінде Жамбыл облыстық аумақтық сайлау комиссиясының кеңейтілген бірінші отырысы өтті.

Алқалы жиынға Жамбыл облысы әкімі аппараты басшысының орынбасары Серік Сәтбекұлы Құрманбеков, Облыс прокурорының аға көмекшісі Ғалым Бахытжанұлы Қонақбаев, облыс әкімдігінің ақпарат және қоғамдық даму басқармасы басшысының орынбасары Жандарбек Мұхтарұлы Әбдіқалықов, облыс әкімдігінің жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының міндетін атқарушы Самат Болатұлы Төрегелдиев, облыс әкімдігінің энергетика және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы басқармасының басшысы Нұрсұлтан Арқабайұлы Исабеков, облыс әкімдігінің цифрландыру және архивтер басқармасы басшысының міндетін атқарушы Айнур Кеңесқызы Курамысова, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ Жамбыл облысы бойынша филиалы басшысының міндетін атқарушы Ақерке Илиясқызы Әбдібекова, «Әділет» партиясының Жамбыл облыстық филиалының хатшысы Дәурен Айтасұлы Қаипов, «Ақ жол» демократиялық партиясы Жамбыл облыстық филиалының төрағасының міндетін уақытша атқарушы Дәурен Хайруллаұлы Ахметжаев, «Ауыл» партиясы» Жамбыл облысы бойынша өңірлік филиалының төрағасы Сұлушаш Сәтбекқызы Құрманбекова, Қазақстан Халық партиясы Жамбыл облыстық филиалының төрағасы Рахман Сейілханұлы Аққозиев, Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясының Жамбыл облыстық филиалының төрағасы Ержан Каханұлы Дәуренбеков, «Байтақ» партиясының Жамбыл облыстық филиалының төрағасы Нұрсұлтан Ермекұлы Өмірбаев, Respublica партиясының Жамбыл облыстық филиалының төрағасы Айнұр Шайзханқызы Келімбетова, сайлауды байқау жөніндегі аккредиттелген қоғамдық бірлестіктердің төрағалары, «ЖАҢАРУ» Сыбайлас жемқорлық қақарсы жалпыұлттық қозғалыс» Республикалық Қоғамдық бірлестігінің Жамбыл облыстық филиалының директоры Қасымхан Естемесұлы Төлендиев, сонымен қатар, қала-аудан әкімдерінің салаға жауапты орынбасарлары мен аппарат басшылары, қала/аудан әкімдіктерінің ішкі саясат бөлімдерінің басшылары, қалалық-аудандық аумақтық сайлау комиссияларының мүшелері және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Отырыс барысында Құрылтай депутаттарының сайлауын ұйымдастыру мен өткізудің негізгі бағыттары кеңінен талқыланды. Атап айтқанда, 2026 жылғы 23 тамызға тағайындалған сайлауды дайындау мен өткізудің негізгі іс-шараларының күнтізбелік жоспарын орындау, сайлау құжаттарының нысандарын белгілеу, сайлаушылар тізімдерімен жұмысты ұйымдастыру, сайлау заңнамасындағы жаңашылдықтар, саяси партиялардың партиялық тізімдерін ұсыну және тіркеу тәртібі, сайлау комиссиялары мүшелерін оқыту, сайлауды ақпараттық сүйемелдеу мен сайлауалды үгіт жүргізу, сондай-ақ байқаушылар қызметі мен сенім білдірген адамдарды тіркеу тәртібі қаралды.

Жамбыл облыстық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы Серғали Айдапкелов комиссия отырысын ашып, аталған жиын Қазақстан Республикасының жаңартылған Конституциялық негіздері аясында өткізілетін Құрылтай депутаттарының алғашқы сайлауы қарсаңындағы маңызды кезеңдердің бірі екенін атап өтті.

Серғали Айдапкелов 2026 жылғы 1 шілдеде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Құрылтай депутаттарын сайлауды 2026 жылғы 23 тамызға тағайындау туралы» жарлыққа қол қойғанын және Президент Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясына Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлауға дайындықты және оны өткізуді ұйымдастыруды тапсырғанын және Қазақстан Республикасының Үкіметіне, әкімдіктерге Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлауды ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық және қаржылық қамтамасыз ету жөніндегі барлық қажетті шараларды кідіріссіз қабылдауды жүктегенін атап өтті.

Осыған орай, 2026 жылғы 1 шілде күні 2026 жылдың 23 тамызына тағайындалған Қазақстан Республикасы Құрылтай депутаттарының сайлауы науқаны шеңберінде Орталық сайлау комиссиясының алғашқы отырысы өтып, комиссия отырысының күн тәртібіне сәйкес 7 мәселе қаралып, тиісті қаулылар қабылданғанын айта келе, аталған отырыста «2026 жылғы 23 тамызға тағайындалған Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлауын ұйымдастыруға байланысты қабылданған қаулыларды іске асыру» мәселелері қаралатынын айтты.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша Жамбыл облыстық аумақтық сайлау комиссиясының хатшысы Абылқаир Боранбаев баяндама жасады. Ол Қазақстан Республикасының Конституциясы мен «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының талаптарына сәйкес әзірленген Қазақстан Республикасы Құрылтайы депутаттарының сайлауын әзірлеу мен өткізудің негізгі іс-шараларының Күнтізбелік жоспарымен таныстырды.

Баяндамашы сайлау науқанының негізгі кезеңдерін, оның ішінде Күнтізбелік жоспарда көзделген өзге де негізгі іс-шараларды түсіндірді.

Сонымен қатар, «Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлауы бойынша сайлау құжаттарының нысандарын белгілеу туралы» қаулымен таныстырды.

Баяндамада «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялықзаңының 12-бабының 6) тармақшасына сәйкес Орталық сайлау комиссиясына сайлау құжаттарының нысандарын белгілейтінін атап өтті.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша Жамбыл облыстық аумақтық сайлау комиссиясының мүшесі Мейржан Сембеков сайлаушылардың өзекті әрі нақты тізімдерін қалыптастыру

(Жалғасы 5-бетте)

Жамбылда Құрылтай депутаттарының сайлауына дайындық мәселелері талқыланды

(Басы 2-бетте)



сайлау процесінің негізгі ұйымдастырушылық элементтерінің бірі болып табылатынын және оның «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына және Сайлаушылар тізімдерін қалыптастыру қағидаларына сәйкес жүзеге асырылатынын хабарлады.

Баяндамада сайлаушылар тізімдерін қалыптастыру және ұсыну мерзімдеріне ерекше назар аударылды. Жергілікті атқарушы органдар сайлаушылар тізімдерін учаскелік сайлау комиссияларына 2026 жылғы 2 тамызға дейін ұсынады. Ал сайлаушылардың танысуы үшін тізімдер 2026 жылғы 7 тамыздан бастап қолжетімді болады.

Сонымен қатар, комиссия мүшелеріне есептен шығару куәліктері бойынша дауыс беру тәртібі туралы ақпарат ұсынылды. Есептен шығару куәліктерін беру 2026 жылғы 7 тамызда басталып, 22 тамыз күні жергілікті уақыт бойынша сағат 18.00-де аяқталатыны атап өтілді.

Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша, «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына енгізілген негізгі өзгерістер мен толықтырулар туралы ақпарат берілді.

Сайлау заңнамасындағы негізгі жаңалықтар туралы Жамбыл облыстық аумақтық сайлау комиссиясының мүшесі Еркин Жапаров баяндама жасады.

Ағымдағы жылдың 11 маусымында «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Өзгерістер азаматтардың конституциялық құқықтарын іске асыруға және сайлау процесін жетілдіруге бағытталғанына тоқтала келе, жекелеген түзетулер Құрылтай депутаттарының алғашқы сайлауын өткізуге қатысты нормаларды айқындайды. Сонымен қатар сайлау құқығының негізгі қағидаттары мен сайлауды ұйымдастыру тетіктері сақталғанын айтты.

Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша туралы Жамбыл облыстық аумақтық сайлау комиссиясы төрағасының орынбасары Талгат Жамалов партиялық тізімдерді ұсыну тәртібі туралы және комиссия мүшелерін оқыту жұмыстары туралы ақпарат берді.

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заң барлық саяси партияларға сайлауға қатысу үшін тең мүмкіндіктер береді. Заң талаптарына сәйкес келетін әрбір саяси партия өз партиялық тізімін ұсынуға құқылы. Бұл ретте ұсыну мен тіркеу рәсімі нақты регламенттелген: партияның жоғары органы шешім қабылдаған сәттен бастап құжаттарды Орталық сайлау комиссиясының тексеруіне дейінгі барлық кезеңдер заңмен айқындалған. Мұндай тәсіл сайлау рәсімдерінің ашықтығын және заңнаманың біркелкі қолданылуын қамтамасыз етеді», – деді Талгат Жамалов.

Баяндамада Құрылтай депутаттығына кандидаттарға қойылатын талаптар мен шектеулерге де ерекше назар аударылды. Атап айтқанда, сот әрекетке қабілетсіз деп танылған, заңда белгіленген тәртіппен алынбаған немесе өтелмеген соттылығы бар, сондай-ақ сот сыбайлас жемқорлық қылмысын немесе сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығын жасағаны үшін кінәлі деп танылған адам кандидат бола алмайды.

Отырыс барысында партиялық тізімдерді тіркеу тәртібі және оларды қалыптастыруға қойылатын талаптар да түсіндірілді. Заңнамаға сәйкес, партиялық тізімге енгізілген әйелдердің, жастардың, мүгедектігі бар адамдардың жиынтық саны оған енгізілген адамдардың жалпы санының кемінде 30 пайызын құрауға тиіс екенін жеткізді.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Құрылтайы депутаттарының сайлауына дайындық аясында электоралдық оқытуды ұйымдастыру туралы ақпарат берді.

Ол сайлау комиссиялары мүшелерінің барлық санаттары үшін қашықтан тестілеу өтетінін айтты. Бұл тестілеу заңнаманы білу деңгейін ғана емес, оны сайлау рәсімдерін өткізу барысында іс жүзінде қолдану дайындығын да бағалауға мүмкіндік беретінін түсіндіре келе, тестілеуден сәтті өткен қатысушыларға электрондық сертификат берілетінін айтты.

Бұдан кейін, Жамбыл облыстық аумақтық сайлау комиссиясының мүшесі Мерей Амангелді сайлау науқанын ақпараттық сүйемелдеу және сайлау процесіне қатысушыларға сайлау алдындағы үгіт жүргізуді, бұқаралық ақпарат құралдары мен онлайн-платформаларды пайдаланушылардың қызметін, сондай-ақ қоғамдық пікірге сауал салуды реттейтін заңнаманың негізгі талаптары туралы ақпарат ұсынды.

«Сайлау алдындағы үгіттің заңмен нақты белгіленген мерзімдері бар. Ол партиялық тізімдерді тіркеу аяқталғаннан кейін, 23 шілде күні сағат 18:00-ден кейін басталып, 22 тамыз күні сағат 00:00-де аяқталады. Саяси партияны жақтап немесе оған қарсы дауыс беруге түрткі болатын кез келген үндеулерге тек осы кезеңде ғана жол беріледі. Белгіленген мерзім басталғанға дейін, сондай-ақ тыныштық күні мен дауыс беру күні үгіт жүргізуге заңмен тыйым салынған», – деп атап өтті.

Сонымен қатар, сайлау алдындағы үгіт кезеңі басталғанға дейін саяси партияның қызметі туралы ақпараттық деректер сайлаушыларды белгілі бір саяси партияны жақтап немесе оған қарсы дауыс беруге үгіттеу белгілерін қамтымаса, сайлау алдындағы үгіт болып саналмайды.

Бұқаралық ақпарат құралдары мен онлайн-платформаларды пайдаланушылардың міндеттеріне де ерекше назар аударылды. Үгіт материалдарын орналастыру үшін олар сайлауалды үгіт басталғанға дейін кемінде бес күн бұрын оларды орналастыру ақысының мөлшері мен шарттары туралы мәліметтерді жариялап, Орталық сайлау комиссиясына ұсынуға міндетті. Осы талап орындалмайынша үгіт материалдарын жариялауға жол берілмейді.

Келесі мәселе бойынша, Жамбыл облыстық аумақтық сайлау комиссиясының мүшесі Мейржан Сембеков сөз сөйледі.

Халықаралық байқаушылардың қызметі үшін құқықтық және ұйымдастырушылық жағдай жасау мақсатында ол «2026 жылғы 23 тамызға тағайындалған Қазақстан Республикасының Құрылтайы депутаттарының сайлауы кезеңінде шет мемлекеттердің, халықаралық ұйымдардың байқаушылары мен шетелдік бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің қызметінің кейбір мәселелері туралы» қаулыны таныстырды.

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің аккредитациясы болған жағдайда шетелдік бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің байқауды жүзеге асыру мүмкіндігі көзделген. Бұдан бөлек, Қазақстан Республикасының заңнамасы немесе халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған нормалары бұзылған жағдайда аккредитацияны кері қайтарып алу тәртібі де реттелгенін түсіндірді.

Кеңесте Жамбыл облысы әкімі аппараты басшысының орынбасары Серік Құрманбеков сөз сөйлеп, Мемлекет басшысының Құрылтай депутаттарын сайлау туралы Жарлығы мен Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы бекіткен күнтізбелік жоспардың талаптарын сапалы әрі уақытылы орындау өңірдегі барлық мемлекеттік органдар үшін басым міндет екенін атап өтті.

Өз сөзінде ол жергілікті атқарушы органдардың сайлауға дайындық жұмыстарын күшейту қажеттігіне ерекше тоқталды. Атап айтқанда, сайлау комиссияларын қажетті материалдық-техникалық құралдармен толық қамтамасыз ету, сайлау учаскелерінің мүгедектігі бар азаматтар үшін қолжетімді болуын ұйымдастыру, өрт қауіпсіздігі талаптарының сақталуын қамтамасыз ету, сондай-ақ, барлық учаскелерді үздіксіз электр қуатымен қамтып, резервтік генераторлардың әзірлігін бақылауда ұстау міндеті қойылғанын жеткізді.

Сонымен бірге, үгіттік баспа материалдарын орналастыруға арналған арнайы орындардың, ақпараттық стендтердің, билбордтар мен үгіт тақталарының жай-күйін ретке келтіру, олардың түнгі уақытта жарықтандырылуын қамтамасыз ету қажеттігі айтылды.

Сондай-ақ, барлық сайлау учаскелерінде телефон байланысы мен интернет желісінің тұрақты жұмысын алдын-ала тексеру және сайлау күні ақаусыз қызмет көрсету мәселесіне баса назар аудару тапсырылды.

Серік Құрманбеков студенттердің, вахталық әдіспен еңбек ететін азаматтардың, әскери қызметшілердің және өзге де сайлаушылардың дауыс беру тәртібін алдын-ала нақтылап, олардың конституциялық құқықтарын толық жүзеге асыру үшін барлық қажетті жағдай жасалуы керектігін жеткізді. Оның айтуынша, әрбір сайлаушының дауысы маңызды және ешбір азаматтың дауыс беру құқығы шектелмеуі тиіс.

Сөз соңында облыс әкімі аппараты басшысының орынбасары кеңес барысында көтерілген мәселелердің барлығы жауапты мемлекеттік органдардың тұрақты бақылауында болатынын айтып, алдағы уақытта туындайтын кез-келген мәселені бірлесіп талқылауға дайын екендіктерін жеткізді.

Отырысты қорытындылай келе, Жамбыл облыстық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы Серғали Айдапкелов барлық деңгейдегі сайлау комиссияларының кәсіби әрі жауапты жұмысы сайлау науқанын сапалы ұйымдастырудың негізгі факторы екенін атап өтті. Сондай-ақ ол сайлау процесіне қатысушылардың барлығы үшін сайлау заңнамасының талаптарын қатаң сақтау басты талап болып қала беретінін айтып, сайлау науқанын заңнама нормаларына толық сәйкес, ашық әрі жариялы түрде өткізуді қамтамасыз етуді тапсырды.

Жамбыл облыстық аумақтық сайлау комиссиясы.

МАМАН КЕҢЕСІ

Санитариялық-қорғаныш аймағы өлшемдерін өзгерту тәртібі

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2022 жылғы 11 қаңтардағы «Адамның өмір сүру ортасы мен денсаулығына әсер ету объектілері болып табылатын объектілердің санитариялық-қорғаныш аймақтарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» № ҚР ДСМ-2 бұйрығы (бұдан әрі – СҚ) сәйкес, халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында адамның өмір сүру ортасы мен денсаулығына әсер ету көздері болып табылатын объектілердің (көздердің) айналасында санитариялық-қорғаныш аймағы (бұдан әрі-СҚА) белгіленеді, оның өлшемі ластанудың атмосфералық ауаға әсерін (химиялық, биологиялық, физикалық) Ереженің 16-тармағының 132-1) тармақшасына сәйкес бекітілетін гигиеналық нормативтерде (бұдан әрі – гигиеналық норматив) белгіленген мәндерге дейін, ал қауіптілігі I және II сыныптардағы объектілер үшін – гигиеналық нормативтерде белгіленген мәндерге дейін, сонымен қатар, халықтың денсаулығы үшін қолайлы тәуекел шамаларына дейін азайтуды қамтамасыз етеді.

СҚА-ның өзінің функционалдық қолданылу мақсаты бойынша объектіні штаттық режимде пайдалану кезінде халықтың қауіпсіздігі деңгейін қамтамасыз ететін қорғаныш кедергісі болып табылады.

СҚА ең аз өлшемі жүйелі түрде әзірленеді: атмосфералық ауаға физикалық әсер ету (шу, діріл, ЭМӨ және басқа физикалық факторлар) деңгейлерін және атмосфералық ауаның ластанып таралуының есептеулері және (қауіптіліктің I және II сыныптарындағы объектілерге арналған) халықтың денсаулығы мен өмірі үшін тәуекелді бағалауы бар жоба негізінде айқындалатын алдын ала (есептік) СҚА; есептеу параметрлерін растау үшін заттай зерттеулердің және өлшеулердің жылдық циклінің нәтижелері бар жоба негізінде айқындалатын белгіленген (түпкілікті) СҚА.

Объектілердің СҚА түпкілікті белгіленген өлшемдерін өзгерту (ұлғайту, азайту) осы Санитариялық қағиадаларға 9-қосымшада анықталған СҚА жобасының құрамына қойылатын талаптарға сәйкес әзірленген СҚА жобасына санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды алу жолымен және бірінші қауіптіліктің I және II сыныптарындағы объектілерге арналған халықтың денсаулығы мен өмірі үшін тәуекелді бағалау және жүйелі үздіксіз (бір жылдың ішінде) (кемінде үш жыл) заттық зерттеулер (әрбір ингредиентке жеке нүктеде кемінде күнтізбелік 50 (елу) күн зерттеу) және өлшеулер материалдары бойынша объектінің СҚА шекарасында және одан тыс жерлерде атмосфералық ауаның химиялық, биологиялық ластану және атмосфералық ауаға физикалық әсер ету деңгейін сақтау; қауіптіліктің III, IV және V сыныптарындағы объектілерге арналған заттық зерттеулер (әрбір ингредиентке жеке нүктеде кемінде күнтізбелік 30 (отыз) күн зерттеу) және өлшеулер деректері бойынша (кемінде үш жыл); екінші тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің атмосфералық ауадағы ластаушы заттардың фондық концентрациясын есепке алу; үшінші СҚА шекарасындағы атмосфералық ауаға физикалық әсер ету деңгейлерін нормаланатын көрсеткіштерге дейін өлшемдермен растау; төртінші объектілердің құрамы мен бейінін өзгерту; бесінші өмір сүру ортасына әсер ету деңгейлерін қысқартуға бағытталған озық технологиялық шешімдерді, тиімді тазарту құрылыстарын және басқаларды енгізу негізінде жүзеге асырылады.

М.САУЛЕБАЕВ,
Шу аудандық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы.
Н.ҚИЯШОВ,
жетекші маман.

Абайлаңыз - жүзу қауіпсіз емес

Қаладағы жұмыс күндерінен шаршағанда немесе демалыста жүргенде барлығы табиғатқа шығып, бассейндерге, тоғандарға, көлдерге шомылып, демалуға бейім болады. Суға келетін болсақ, қаладағы бассейн, су қоймасы, өзен, тоған немесе көл маңызды. Ауылдық демалысқа немесе ұзақ сапарға шыққан адамдар, әдетте, су қоймасы бар жерлерді таңдайды. Ересектер де, балалар да жүзуді, сүңгуді жақсы көреді. Бүгінде баламен қауіпсіз жүзуге болатын өзен немесе тоған табу оңай емес.

Ал мәселе тұщы су қоймаларының ластануында ғана емес, оларда өзін жайлы сезініп, көбейіп, ағзамызға енетін инфекцияда. Тұщы суға шомылу, әсіресе суы тоқырауы бар көлдер мен тоғандарда шомылу өте қайғылы салдарға, атап айтқанда, су арқылы адамдарға әртүрлі жұқпалы ауруларды жұқтыру мүмкіндігіне әкелуі мүмкін. Тұщы су, әсіресе ұзақ аптап ыстық кезінде, жұқпалы ауруды тудыруы мүмкін бактериялардың (энтеровирусты инфекциялардың қоздырғыштары, полиомиелит, дизентерия, лептоспироз, сальмонеллез, вирустық гепатит), ал ағынды сулармен және нәжіспен ластанған суды жұтқанда ішек инфекциялары мен гельминттердің тұтас шоғырын алуға болады. Су қоймаларында шомылу минералды тыңайтқыштардың қалдықтарымен және пестицидтермен химиялық ластануымен ғана емес, сонымен қатар аллергиялық реакциялар мен ішкі ағзалардың ауруларына әкелетін олардың ыдырау өнімдерімен де қауіпті. Адам ағзасына улы заттардың енуі нәтижесінде тері арқылы әртүрлі тері аурулары жұғуы мүмкін. Суға түсуге рұқсат етілмеген жерлерде сіз «демалушылар» қалдырған қоқыс тауларын және автотұрақтарда (көбінесе – тікелей су қоймасының өзінде) бензин дақтарын таба аласыз.

Табиғатқа мұндай қатынас санитарлық-эпидемиологиялық жағдайдың апатты түрде нашарлауына және инфекциялардың таралуына әкеледі. Мұндай лас жерлерде суға түсу жиіркенішті ғана емес, сонымен қатар қауіпті. Бірақ біз ыстық болған кезде және бәрінен де суға түсуді қалаймыз, біз бұл туралы ұмытуды жөн көреміз. Бұл арада сіз ізденісте болуыңыз керек! Тырысқақ пен дизентерия, ас қорыту бұзылыстары, терінің тітіркенуі – осы аурулардың барлығын су арқылы алуға болады. Және одан да жақсы - су процедуралары мен жүзу үшін мамандандырылған жағажайлар мен қауіпсіз бассейндерді таңдаңыз.

Дегенмен, жоғарыда айтылғандарға қарамастан, шомылу денсаулыққа пайдалы болуы мүмкін деп айтуға болады.

И. ЗУБАРЕВА,
Жамбыл бөлімшелік көліктегі санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы.

БЖЗҚ зейнетақы жинақтарын пайдалану туралы

Өткен бес жарым жыл ішінде тұрғын үй жағдайларын жақсартуға және емделуге ақы төлеуге 5,8 трлн теңгеден астам зейнетақы жинағы пайдаланылды.

Оның ішінде ең көп қаражат 2021 жылы алынды – шамамен 2,6 трлн теңге. 2022-2023 жылдары үрдіс төмендегенімен, соңғы жылдары жинақтарды алу көлемі қайта артып, 2025 жылы 1 трлн теңгеден асты.

Еске сала кетейік, Мемлекет басшысы зейнетақы жүйесінің негізгі міндеті – азаматтарды зейнетақымен қамтамасыз ету, «Мақсатымыз – бүкіл жинақты қазір үлестіріп, азаматтарды қарттық шағында лайықты зейнетақысыз қалдыру емес» екенін қадап айтқан болатын.

Жыл	БЖЗҚ өтінім берушілердің арнайы шоттарына есептеу үшін уәкілетті операторларға аударды:	
	Тұрғын үй жағдайларын жақсартуға (сома, млн теңге)	Емделу ақысын төлеуге (сома, млн теңге)
2021	2 468 085	126 542
2022	703 232	192 391
2023	170 905	100 386
2024	396 683	173 875
2025	824 360	391 733
1.01.2026 ж. бастап 31.05.26 ж. дейін (01.06.2026 жағдай бойынша)	318 206	333

Осы жылдары алынған қаражат көлемі азаматтарды зейнетақымен қамтамасыз ету сияқты тікелей міндетті шешуге бағытталған сомадан айтарлықтай асып түсті. Тіпті, Қорданалынған қаражат көлемі кейбір жылдары түскен жарналардан да асып кетті.

Сондай-ақ жинақтарды шығару олардан алынбай қалған инвестициялық кірістің өсуіне әкеп соғады. Ұзақ мерзімді перспективада бұл зейнеткерлік жастағы жинақтардың айтарлықтай азаюына себеп болады.

Еске сала кетейік, Қазақстанда салымшылардың зейнетақы жинақтарындағы жинақталған инвестициялық кірістің үлесі өсіп келеді және қазір шамамен 40 пайызды құрайды, ал халықаралық тәжірибеде бұл көрсеткіш әдетте 80 пайыздан асады.

Дамыған елдерде зейнетақы активтері инвестиция көзі және экономиканың тұрақты өсімінің негізі болып саналады. Озық елдерде жинақталған зейнетақы активтері ішкі жалпы өнімнің (ІЖӨ) 100 пайызынан асады, ал Қазақстанда қазір зейнетақы активтері әлі де ІЖӨ-нің шамамен 16 пайызын ғана құрап отыр.

Әлемде жинақтаушы зейнетақы жүйесінің басты міндеті – болашақ зейнетақы төлемдерін қамтамасыз ету. Сол себепті азаматтардың болашақ зейнетақысының лайықты болуы үшін зейнетақы жинақтарын сақтау және оларды Қазақстандағы және халықаралық нарықтардағы ұзақ мерзімді инвестициялау есебінен одан ары арттыру маңызды.

«БЖЗҚ» АҚ-ның Жамбыл облыстық филиалының қызмет көрсету орталығы.

АУДАНДА

«KELIN DODA» турнирі өз мәресіне жетті

Қазақ халқы үшін келін тұтас шаңырақтың берекесін кіргізетін, отбасының ынтымағы мен ұрпақ тәрбиесінің ұйытқысы саналатын ерекше тұлға. Бүгінде қазақ келіндері ұлттық құндылықтарды дәріптеп қана қоймай, қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, түрлі салада өз қабілеттерін танытып келеді. Әсіресе, спорт арқылы салауатты өмір салтын насихаттап, өзгелерге үлгі болуы қуантарлық үрдіс. Осындай мақсатты көздеген «KELIN DODA» аудандық волейбол турнирі биыл да жоғары деңгейде ұйымдастырылып, өз мәресіне жетті.





Балнұр ЖЕКСЕНБЕККЫЗЫ,
«Шу өңірі»

26 маусым күні Шу ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің «Жастар ресурстық орталығы» КММ ұйымдастыруымен өткен «KELIN DODA» келіндер арасындағы волейбол турнирінің финалдық кезеңі Балуан Шолақ ауылындағы «Рашид ата» спорт кешенінде өтті. Жарысқа ауданның әр ауылдық округінен іріктеліп шыққан үздік командалар қатысып, өзара тартысты ойын өрнегін көрсетті.

Финалдық кезеңге жолдама алған алты команда әр ұпай үшін барын салып, жеңіске деген жігерін, ұйымшылдығын және спорттық шеберлігін паш етті. Ойын барысында жанкүйерлердің қызу қолдауы да айрықша сезілді. Әр кездесуде ойыншылардың шапшаңдығы, дәлдігі мен ауызбіршілігі әсерлі көрініс берді.

Жарыстың салтанатты ашылу рәсімі қазақы дәстүрмен басталды. «KELIN DODA» турнирінің "Ене" кубогының иегері, Мадали әулетінің отанасы, көпке үлгі ана Шымшық апа ақ батасын беріп, қатысушыларға ізгі тілегін арнады. Батадан кейін қазақтың ежелгі дәстүріне сай шашу шашылып, жарыстың берекелі әрі сәтті өтуіне ақжарма тілектер айтылды.

Іс-шараға қатысқан Шу ауданы әкімінің орынбасары Сұлтанбаев Найман Кенжеханұлы барлық командаларға сәттілік тілеп, мұндай спорттық жобалардың қоғамдағы маңызына тоқталды.

– Бұл турнир бірліктің, ұйымшылдықтың, салауатты өмір салтының жарқын көрінісі. Қазақ келіндерінің белсенділігі мен өмірге деген құлшынысын көрсететін осындай игі бастамалар алдағы уақытта да өз жалғасын табады деп сенеміз, – деді ол.

Бірнеше кезеңге созылған жарыстың шешуші ойындары көрермендердің ерекше қызығушылығын тудырды. Командалар жеңіске жету жолында бар күш-жігерін салып, ойын соңына дейін тартысты бәсеке көрсетті.

Турнир қорытындысы бойынша I орынды «Қонаев» командасы жеңіп алып, чемпион атанды. II орынға «Шу қала» командасы тұрақтаса, III орынды «Балуан Шолақ» командасы иеленді.

Чемпион атанған «Қонаев» командасына Мадали әулетінің отанасы Шымшық апа арнайы ауыспалы кубокты табыстап, жеңімпаздарды құттықтады. Сонымен қатар жарысқа қатысқан барлық командаларға ұйымдастырушылар тарапынан ақшалай ынталандыру сыйлықтары табысталды.

Жарыстан кейін жеңімпаз «Қонаев» командасының капитаны өз әсерімен бөлісті:

– Бұл жеңіс біз үшін өте қымбат. Біз турнирге жеңіске жетеміз деген сеніммен келдік. Командамыздағы әрбір келін үлкен жауапкершілікпен дайындалды. Жаттығуларда бір-бірімізді қолдап, ұйымшылдығымызды шыңдадық. Соның нәтижесінде бүгін чемпион атанып отырмыз. Осындай келіндердің басын қосатын жарысты ұйымдастырған азаматтарға алғысымыз шексіз, – деді команда капитаны.

«KELIN DODA» турнирі тағы бір мәрте қазақ келіндерінің қоғамның белсенді мүшесі екенін дәлелдеді. Спорт арқылы шыңдалған ерік-жігер, ұйымшылдық пен достық қарым-қатынас жарыстың басты құндылығына айналды.

Осындай игі бастамалар аудан тұрғындары арасында бұқаралық спортты дамытуға, салауатты өмір салтын қалыптастыруға және ұлттық құндылықтарды дәріптеуге өз үлесін қоса беретіні сөзсіз. «KELIN DODA» турнирі бірлік пен ынтымақтың үлгісін көрсеткен, келіндердің мерейін үстем еткен тағылымды спорт мерекесі ретінде жылдағы дәстүрге айналуда.



ХАБАРЛАНДЫРУ

«SHENGTAI BIOTECH CO.,Ltd» ЖШС, ҚР Экологиялық кодексінің 96 бабына сәйкес 2026 жылғы 12 тамыз сағ. 11:00-де, Жамбыл облысы, Шу ауданы, Алға а.о., Сауытбек а., Кыдырбай 5 көшесі (Мәдениет үйі ғимараты) мекенжайы бойынша «Жүгеріні терең өңдеу зауыты үшін кешенді экологиялық рұқсат алуға арналған жобалық құжаттама» бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен Қоршағанортаментабиғиресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі сайтында https://ndbecology.gov.kz , сондай-ақ ЖАО «https://www.gov.kz/memleket/entities/zhambyl-tabigat/activities/8220?lang=ru» сайтынан танысуға болады.

Барлық ескертулер және / немесе ұсыныстар https://ndbecology.gov.kz сайтына, сондай-ақ s.agabek@zhambyl.gov.kz қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген жағдайда әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі. Өткізілетін қоғамдық тыңдаулардың белсенді сілтемесі Qosyl-дегі кездесуге қосылу:

Кездесу уақыты: 12.08.2026 11:00. Кездесу идентификаторы: 956-581-550-356. https://meet.qosyl.kz/meeting?room=956581550356.

Қосымша ақпаратты мына мекенжай бойынша алуға болады ecoproject.company@bk.ru және байланыс тел.: + 7 (702) 557 40 58. Жобаның бастамашысы: «SHENGTAI BIOTECHCO.,Ltd» ЖШС, БСН: 250340004589, Жамбыл облысы, Шу ауданы, Тасөткел а.о., Тасөткел а., Жібек жолы аймағы, 10. тел.+7(775)-196-04-30, stsw@shengtai.kz

Жобаны әзірлеуші: «Eco Project Company» ЖШС, БСН: 200540023731, Ақтөбе қ., Тургенева көшесі, 3В, тел: + 7 (702) 557 40 58.

Әсер ету аймағы: Жамбыл облысы, Шу ауданы, Алға а.о., Сауытбек а.

Учаскенің географиялық координаты: Жүгеріні терең өңдеу зауыты 43°33'32.88"с.б 73°38'58.92"в.е.

Әсер тигізетін территорияның географиялық координаты: Сауытбек а., 43°35'57,25" с.б. 73°39'52,62" в. е.

ТАҒЫЛЫМДЫ КЕЗДЕСУ

Ұлттық құндылық – ұрпақ қазынасы



Өндіріс ауылдық округіне қарасты Абай ауылдық кітапханасында «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің Өндіріс ауылдық округіндегі жастармен жұмыс жүргізу жөніндегі маманының, осы жолдардың авторының ұйымдастыруымен ұрпақтар сабақтастығы бағыты аясында «Ұлттық құндылық – ұрпақ қазынасы» атты тағылымды кездесу өтті.

Іс-шараның басты мақсаты – ұлттық құндылықтарды насихаттау, жастардың бойына ата-баба мұрасын қастерлеу сезімін қалыптастыру және ұрпақтар арасындағы рухани байланысты нығайту болды.

Кездесуге ауылымыздың көпбалалы анасы, «Әжелер» тобының белсенді мүшесі Садықова Баян апа арнайы қатысып, ұлттық тәрбие, отбасы құндылықтары, салт-дәстүрдің тәрбиелік мәні туралы әсерлі әңгіме өрбітті. Ол өз өмірлік тәжірибесімен бөлісіп, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету, ата-ананы ардақтау және туған жерді қадірлеу – қазақ халқының ғасырлар бойы ұстанып келе жатқан асыл қағидалары екенін атап өтті.

Кездесу барысында ұлттық құндылықтардың ұлттың рухани тірегі екендігі кеңінен сөз болды. Ана тілі, ұлттық мәдениет, тарих, салт-дәстүр мен әдет-ғұрып – халықтың баға жетпес мұрасы әрі келер ұрпаққа қалдыратын ең қымбат қазына екені айтылды. Сондай-ақ халқымыздың мақал-мәтелдері, шешендік сөздері мен ұлттық ойындарының жас ұрпақтың бойына адамгершілік, еңбекқорлық, жауапкершілік және отансүйгіштік қасиеттерді сіңірудегі маңызы ерекше екендігіне тоқталды.

Шара барысында бүгінгі қоғамдағы ұлттық құндылықтарды сақтап, оны келер ұрпаққа жеткізудің маңыздылығы кеңінен талқыланды. Өз мәдениеті мен тарихын құрметтеген, ана тілін ардақтайтын ұрпақ қана елдің жарқын болашағын қалыптастыра алатыны айтылып, жастарды ұлттық рухта тәрбиелеудің маңыздылығы ерекше атап өтілді.

Кездесу еркін пікір алмасу форматында өтіп, қатысушылар ұлттық мұраны сақтау, дәстүр сабақтастығын жалғастыру бағытындағы ойпікірлерімен бөлісті. Тағылымы мол басқосу жастардың ұлттық сана-сезімін нығайтып, ата-баба аманатына деген құрметін арттыруға ықпал етті. Іс-шара соңында қонаққа алғыс білдіріліп, осындай тәрбиелік мәні зор кездесулердің алдағы уақытта да жалғасын табатыны айтылды.

Мәрзия ОМАРОВА,
Өндіріс ауылдық округінің жастармен жұмыс жүргізу жөніндегі маманы.

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ХАЛҚЫМЫЗҒА ЖАРАСҚАН

Мейірімге толы шара

Мейірімділік пен жанашырлықты дәріптеу, ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға мерекелік көңіл күй сыйлау, сондай-ақ олардың әлеуметтік ортаға бейімделуіне қолдау көрсету мақсатында Балуан Шолақ ауылдық мәдениет үйінің жанынан құрылған «Актерлік шеберлік» үйірмесінің қатысушылары Шу аудандық мүгедек балаларды оңалту және бейімдеу орталығының тәрбиеленушілеріне «Жүректен жүрекке – мейірім сыйлайық» атты қайырымдылық іс-шарасын өткізді.

Бағдарлама аясында Балуан Шолақ ауылдық мәдениет үйінің «Актерлік шеберлік» үйірмесінің жетекшісі Жанар Айтбайдың жетекшілігімен үйірме қатысушылары Қасымхан Серікжан, Рахымқұл Нұрдәулет, Юсуф Мейірім, Жұман Айқын және Тілеуберді Нұрсұлтан «Сайқымазақ пен қоянның қызықты оқиғалары» атты ертегілік қойылымнан үзінді ұсынды. Сонымен қатар үйірме жетекшісі қуыршақтармен «Шалқан» ертегісін сахналап, балалармен бірге қызықты жұмыстар жүргізді. Үйірменің белсенді мүшесі Манат Медина «Биле, биле» әнін шырқап, балаларды шаттыққа бөледі.

Іс-шара барысында үрленбелі үлкен аю кейіпкері ерекше балалармен бірге көңілді әуендерге би билеп, түрлі ойындар ұйымдастырды. Балалар ертегі кейіпкерлерімен бірге қызықты уақыт өткізіп, мерекелік атмосфераны сезінді.

Өз кезегінде ұйымдастырушылар Балуан Шолақ ауылының азаматы, жеке кәсіпкер Мадалиев Сағадат Нұрмағанбетұлының демеушілігімен оңалту орталығындағы балаларға балмұздақ пен сусындар таратты.

Бұл игі іс балалардың жүздеріне қуаныш сыйлап, қайырымдылық пен жанашырлықтың жарқын үлгісіне айналды. Осындай бастамалар қоғамдағы бірлік пен мейірімділікті нығайтып, жас ұрпақты адамгершілікке тәрбиелеуде маңызды рөл атқарады.

Іс-шара соңында орталық әдіскері Амангелді Жансая Ержанқызы ұйымдастырушыларға ризашылығын білдіріп, ерекше балаларға қуаныш сыйлаған игі бастама үшін алғысын айтты. Осындай қайырымдылық шаралары қоғамда мейірімділік пен ізгілікті насихаттап, ерекше балаларға қолдау көрсетудің жарқын үлгісі болып қала береді. Шара соңында барлық қатысушылар естелік суретке түсіп, көтеріңкі көңіл күймен тарқасты.

Маржан КӨПБОСЫНОВА,
Шу аудандық мәдениет үйінің мәдени ұйымдастырушысы.



ШУ ӨҢІРІ

Меншік иесі:
«Шу аудандық баспасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор – **Сембікүл Джандосова**

Бас редактор – **Ерғали Қартайған**

Бас редактордың орынбасарлары – **Байжан Емберді, Руслан Искаков**

Мекенжайымыз: 081100, Төле би ауылы, Төле би көшесі №264 үй, телефон: 3-29-14

Тілшілер:
Айғаным Асқарбек – aigan-rymbekovna@mail.ru
Балнұр Жексенбекқызы – balnur7651@mail.ru

Газетке жазылу индексі:
жеке тұлғалар үшін – 81100;
мекемелер үшін – 81102

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2012 жылғы 23 қарашада тіркеліп, №13184-Г куәлік берілген

e-mail: shuskaya_dolina@mail.ru **www. shuoniri.kz**

Мақалаларды рұқсатсыз алуға жол берілмейді. «Шу өңірі» газетінің сілтемесі міндетті түрде көрсетілуі қажет. Редакция мақала авторының көзқарасына, жарнамалар, көңіл айтулар және құттықтаудағы өлең жолдарының мазмұнына жауап бермейді

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері қазақ және орыс тілдерінде аралас шығады. Форматы - D2. Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Газет «Үміт» мүгедектер қоғамы» қоғамдық бірлестігінің баспаханасында басылды. Тараз қаласы, Ташкентская көшесі №36 үй

Жауапты кезекші: Айғаным Асқарбек

Оператор-дизайнерлер: Светлана Қожамұратова, Назгүл Байбатшаева Ⓐ Материалдың жариялану ақысы төленген Таралымы: барлығы – 3090 Тапсырыс: №54

АВТОРАДИО
КАЗАХСТАН

Тел.: 8 (7132) 73-70-70

Шығ.№58/2026
Ақтөбе қ.

09 шілде 2026 ж.

ЭФИР АНЫҚТАМАСЫ

«SHENGTAI BIOTECH CO.,Ltd» ЖШС, ҚР Экологиялық кодексінің 96 бабына сәйкес 2026 жылғы 12 тамыз сағ. 11:00-де, Жамбыл облысы, Шу ауданы, Алға а.о., Сауытбек а., Кыдырбай 5 көшесі (Мәдениет үй ғимараты) мекенжайы бойынша «Жүгеріні терең өңдеу зауыты үшін кешенді экологиялық рұқсат алуға арналған жобалық құжаттама» бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өтедітіндігін хабарлайды.

